



«ЖАЛҚАУЛЫҚ – ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН КЕДЕРГІ»

Ғылым мен журналистиканы қатар ұштастырудың қызығы мен қиындығы неде? Оған оқытушылықты қосыңыз. Айгүл Рамазан – осы салалардың бәрін бір арнада тоғыстырған санаулылардың бірі. Ғылым үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбекті талап етеді, оқытушылық – үлкен жауапкершілік десек, журналистика – тоқтаусыз процесс. Үш саланы үйлестіру мүмкіндігі мен кәсіп игерудегі өмірлік таңдауы жайлы білікті маман, білімді ұстаз, еңбекқор журналист не дейді?

– Айгүл Әмірғалиқызы, ғылыммен айналысуыңызға не түрткі болды?

– Мен Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің 4-курсанда оқып жүргенде «Өнер» баспасына практикаға бардым, содан баспа басшылары мені редакторлық қызметке алып, 5 курста жарты жүктемемен жұмыс істеп жүрдім. Соңғы курста оқып жүргенімізде Желтоқсан оқиғасы болып, қазақ жастарының Алматыда қалып, жұмыс істеуіне рұқсат етілмеді. Соған қарамастан, баспа басшысы Сұлтан Оразалин, бөлім меңгерушісі Сейсен Мұқтарұлы күш салып жүріп, университетке арнайы хат жазып, мені «Өнер» баспасына алып қалды. Жақсы адамдардың арқасында бүкіл курстан мен ғана қалада қызметке қалдым.

«Өнер» баспасында қызмет істеп жүргенде, Сұлтан аға ғылыми тақырып алып, жазып шыққанымен, «кейбір» кедергілердің кесірінен қорғай алмады. Ол кісінің: «Айгүл, сенің ғылымға деген қабілетің бар екен, заман өзгерді, сендерге ешкім бөгет бола алмайды, мүмкіндік болса, ғылыммен айналысқаның дұрыс-ау» деген сөзі ғылымға бет бұруыма қамшы болған сияқты. 1989 жылы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына аспирантураға түстім. Ол кезде Қазақстанда журналистикадан диссертациялық кеңес жоқ, тек Мәскеуде қорғайды. Сондықтан әдебиеттану саласына кеттім. Аспирантураға 1989 жылдың желтоқсанында түсіп, 1992 жылдың желтоқсанында бітірдім. Көп ұзатпай, 1993 жылдың мамыр айында «Қазақ әдебиетіндегі экология мәселесі» тақырыбындағы диссертациямды бекзат ғалым Нығмет Ғабдуллин жетекшілік еткен, Мұқтар Мағауиндей дара тұлға мүшесі болған диссертациялық кеңесте қорғап шықтым.

АҚОРДАНЫҢ
БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

СОТ АКТІЛЕРІНІҢ 98,9 ПАЙЫЗЫ ЗАҢДЫ ӘРІ НЕГІЗДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Асламбек Мерғалиевті қабылдады. Қабылдау барысында отандық соттың жұмысы жан-жақты сөз болды. Сондай-ақ соңғы 5 жылда сот төрелігін жүзеге асыру сапасының ең жоғары көрсеткішке жеткені айтылды. Статистика көрсеткендей, жергілікті соттардың сот актілерінің 98,9 пайызы заңды әрі негізді деп танылған.

Жалпы, былтырғы жылы қаралған істер мен материалдар саны ұлғайған. Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сотқа дейінгі татуласу рәсімдері көптеп қолданылуда. Алқабилердің құзыреті кеңейіп, олар қарайтын істердің саны (147-ден 261-ге дейін) екі есеге өсті.

Жоғарғы Сот төрағасы салаға жасанды интеллект технологияларын енгізу жайында айтты. Бұл әдіс біркелкі сот практикасын қалыптастыруға, судьялардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетуге ықпал етеді. Сонымен қатар, төраға судьялардың дербестігін нығайту мен әкімшілік әділет саласын кеңейтуге бағытталған заң шығару бастамалары, кассациялық соттар құру туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы заң үстемдігін қамтамасыз етудің және қоғамның соттарға сенімін арттырудың маңызын атап өтті.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

ЖАҢА ЗАҢ ЭКОНОМИКАНЫ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚҰТҚАРМАҚ

Елімізде өндіріс орнына қойылатын қарапайым талаптар мен өнім сапасының стандарттары толық сақталмайды. Қазақстанда азық-түлік өнімдерінің санитарлық талаптарға сай келмейтін орында шығарылатын жағдайлары тіркелуде. Сонымен қатар штатында бірде-бір қызметкері жоқ, тек қазақстандық үлгідегі мөрі мен жапсырмалары бар жай пәтерде миллиондаған тауар өндіретін жалған өндірістер бар екен. Осындай ұйымдар мемлекеттің жыл сайын қазақстандық өндірушілерді қолдауға бөлетін триллиондаған теңгесінен енші алып, салықтық жеңілдіктерді иеленуде.

2023 жылы Бас прокуратура осындай 206 бұзушылықты анықтапты. Бұдан басқа, уәкілетті орган жүргізген 42 тексерудің қорытындысы бойынша 40-тан астам әкімшілік іс қозғалған. Анықталмай, судан құрғақ шығып жүргендері қаншама?! Енді осындай ауырдың үсті, жеңілдің астымен үріп ішіп, шайқап төккендердің жолы жабылмақ. Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында бірінші

оқылымда мақұлданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бойынша енгізіліп отырған қазақстандық тауар өндірушілердің толыққанды тізілімін құру тетігі сертификаттау процесінің ашықтығы мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Ал бұл – өндіріс орнына

қойылатын талаптар мен өнім сапасының стандарттары сақталуының толыққанды кепілдігі.

Жаңа құжат 2023 жылдың бірінші қыркүйегіндегі ҚР Президентінің Жолдауын іске асыру аясында Мәжіліс пен Сенат депутаттарының бастамашылығымен әзірленіпті. Заң жобасының мақсаты – импорттық тауарларға тәуелділікті төмендету, жоғары локализация деңгейі бар өндірістік циклды қалыптастыру, заманауи технологияларды жеткізу, олардың трансферті мен жаңа өндірістерді локализациялау. Құжатты жалпы отырыста Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғанов таныстырды.

Қазіргі таңда үш түрдегі яғни, «СТ-KZ», индустриалды сертификат және экспорттық тауар шығу сертификаттары бар. Бұл сертификаттарды «Атамекен» кәсіпкерлердің

ұлттық палатасы береді. Заң жобасы аясында қолданыстағы барлық өндірушілер бір тізімге қосылып, бұл «СТ-KZ» сертификаттары мен индустриалды сертификаттарды функционалды түрде алмастыратын болады.

Баяндамашының айтуынша, қазіргі уақытта сертификаттау процесі едәуір уақытты алуымен қатар қаржылық шығындарды талап етіп, шағын және орта бизнес үшін қиындық тудырып келеді. Сонымен қатар бұл құжаттар ақылы және жеке сарапшылардың қорытындысы негізінде берілетіндіктен, адами фактор ықпалына айрықша ие және мемлекеттің ақпараттық жүйелері, өндірушілердің бірыңғай дерекқорымен интеграцияланбаған. Осының бәрі сертификаттау процедураларының объективтілігі мен ашықтығына қауіп төндіреді.

Қаралып отырған заң жобасы бойынша ұсынылған тізілімге кәсіпорындар ақысыз енгізіледі және оған қосылу мерзімі бойынша шектеулер болмайды, бұл бизнес үшін уақыт пен қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

(Жалғасы 3-бетте)

3-бет



Дәрі өндірісі:
әлемдік нарыққа қадам

5-бет

Қазақ
заңгері
Жаһанша



Жаһанша Жолдасов
Мәжбү

8-бет



«LION SHADOW» КӨКЕ...

ҚОРЫТЫНДЫ

ҮЗДІКТЕР АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облыстық соты 2024 жылдың 12 айында атқарылған жұмысын қорытындылады. Жиынды облыстық соттың төрағасы Ә.Шығамбаев ашып, қатысушыларды облыстық соттар жұмысының қорытындысымен таныстырды.



Жиында қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Бекжановтың, азаматтық істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін

атқарушы С.Жуынтаеваның және әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Ж.Оспанованың есептері тыңдалды. Сондай-ақ судья

әдеби бойынша комиссия төрағасы С.Жуынтаева, соттардың бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысы бойынша облыстық соттың үйлестіруші-судьясы Ш.Маликова баяндама жасады.

Облыстық сот төрағасы Ә.Шығамбаевтың айтуынша, сот жұмысын қорытындылап, істерді татуластыру рәсімдерінің көмегімен аяқтаудың тиімділігін және алдағы бағыт-бағдар мен жоспарларды атап өтті. Сонымен қатар, жиын соңында «Үздік сот актісі» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқауда «Үздік сот шешімі» номинациясы бойынша Сырдария аудандық сотының судьясы Д.Ералиев, «Үздік сот қаулысы» номинациясы бойынша Қармақшы аудандық сотының төрағасы Қ.Мыханов, «Үздік сот шешімі» номинациясы бойынша Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы М.Тоғызбаева, «Үздік сот үкімі» номинациясы бойынша Қызылорда облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы А.Изтелеуова жеңімпаз атанды.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

КЕҢЕС

Атырау облыстық сотында 2024 жылдың жұмысын қорытындылау бойынша кеңейтілген кеңес өтті. Шараны облыстық сот төрағасы М.Пәрменов ашып, сот алқалары төрағаларының баяндамалары тыңдалды.



ТАТУЛАСТЫРУМЕН АЯҚТАЛҒАН ІСТЕР САНЫ АРТТЫ

Қылмыстық алқаның төрағасы Тәтті Уалиева соттарға түсіп, аяқталған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің, бас бостандығынан айыруға сотталған тұлғалар санының, сотқа дейінгі тергеп тексеру органдарының, прокуратураның әрекетіне жасалған шағымдарды қанағаттандыру санының артауына, сыбайлас жемқорлыққа қатысты істер санының, күзетпен ұстауды санкциялау санының азайғанын атап өтті.

2024 жылы облыс соттары 1 470 тұлғаға қатысты 1 245 істі қаралды, оның ішінде 1 029 тұлғаға қатысты 877 іс үкім шығарумен аяқталып, 1 017 тұлға сотталды, 12 тұлға ақталды. Медиатор қатысуымен 12 қылмыстық іс қаралған.

Азаматтық алқаның төрағасы Мәтен Ергәзиев 2023 жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда облыс соттарына түскен талап қоюлар саны 1 261-ге, татуластыру рәсімін қолданумен аяқталған істер саны 510-ға артқанын атап өтті.

Облыс соттары 16 798 азаматтық іс қаралып, оның ішінде 9 624 іс бойынша шешім шығарылған. Татуластыру рәсімдерін аяқталған азаматтық істер саны 2 317 істі құрады. Апелляциялық тәртіпте 1 373 іс қаралды.

Әкімшілік алқа төрағасының міндетін атқарушы Бағила Карешова әкімшілік әділет жұмысы

туралы ақпарат беріп, әкімшілік істер бойынша талап арыздар санының 125 іске артқанын айтты. Есепті кезеңде облыс соттарымен 1041 әкімшілік іс қаралды, оның ішінде шешім шығарумен 400 іс қаралды. Татуластыру рәсімімен 117 әкімшілік іс қаралды (10,3%). Әкімшілік істерді қарау нәтижесі бойынша 37 ақшалай өндіріп алу қолданылып, 40 жекеше ұйғарым шығарылды.

Кеңес барысында Сот әкімшілігі Атырау облысы бойынша департаментінің басшысы Г.Джумағалиеваның, Судья әдеби жөніндегі комиссия төрағасы Б.Жұмбаевтың, Судьялар одағы Атырау облысы филиалының төрағасы Н.Абдоловтың, аудандық сот төрағаларының баяндамалары тыңдалды.

Жұмысты қорытындылай келе, облыстық сот төрағасы М.Пәрменов қоғамның сот төрелігіне деген сенімін арттырудың маңыздылығын атап өтіп, судьялар корпусының алдына бірқатар басым міндеттерді белгіледі. Төраға облыс судьяларының назарын сот төрелігін жүзеге асыру сапасына назар аударатынын, істерді қарау мерзімін кешіктіруге жол бермеуді, татуластыру рәсімдерін арттыруға ерекше көңіл бөлуді тапсырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және әдеп нормаларын сақтау қажеттілігін атап өтті.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ТІРЕК

ЖАҚСЫ ҮРДІС ЖАЛҒАСТЫ БОЛСЫН!

Статистикалық деректер әлемде 6 700 тіл бар екенін алға шығарады. Яғни, дүниежүзін сонша ұлт пен ұлыс мекен етеді. Ал осы ұлттардың екі жүзге жуығы ғана өз алдына тәуелсіздігін алып, егемен ел ретінде мойындалған. Қазақстан – тәуелсіздігін жер жүзі танып, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде бекіткен сондай бақытты елдің бірі.

Өкінішке қарай, тәуелсіз мемлекет құрып, тілге мемлекеттік мәртебе берумен қазақ тілінің қолданысы кеңейіп кетпейді. Заңдық мәртебе қазақ тілінің келешегіне кепіл бола алмайды. Қазақ тілін қажет тілге айналдыру үшін оны қолданатындар көп болуы тиіс. Себебі біздің бас құжатымыз Конституцияның өзінде қазақ тілінің бар мүддесі қарастырылған. Ата заңның 7-бабының 1-бөлімінде дәйектелгендей, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі». Осы баптың 2-бөліміне сай «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады». Сондай-ақ, Ата Заңда айқындалғандай, «Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды».

Осы бас құжатта бағдар етілген бапта қазақ тілінің еліміздегі негізгі тіл екені заңдық тұрғыдан нақтыланған. Осы заңға сүйене отырып, біз мемлекеттік тілді кеңірек қолдануға, құжаттар мен сұраныстарды қазақ тілінде беруге, өзімізге қажетті қызметті мемлекеттік тілде алуға құқылымыз. Ал орыс тілі мен басқа

шет тілдері ресми тіл емес. Олар тек азаматтар мемлекеттік тілді білмеген жағдайда қолданылатынын ескергеніміз жөн.

Мұның нақты көрінісін сот саласынан байқауға болады. Мәселен, қазір қазақстандық соттағы барлық кіріс-шығыс құжаттары мемлекеттік тілде әзірленеді. Сот істерінің қай тілде қаралатыны талап-арыз бен іс материалдары жазылған тілге байланысты. Яғни, құзырлы орган өкілдері, адвокаттар мен арыз иелері қай тілде шағым келтірсе, іс сол тілде таразы басына салынады. Десе те, мемлекеттік тілде ойын айтқысы, күәгерлік жасағысы келген азаматтарға ешқандай кедергі жоқ. Себебі бізде сот процесінде тараптардың өтінішіне сәйкес аудармашы қызметін тегін алуға мүмкіндік қарастырылған. Аудармашылар қажет кезде құжаттарды да аударып, сот қатысушыларына көмек көрсетеді.

Қазіргі кезде сот саласында ғана емес, барлық құзырлы органдарда мемлекеттік тілдің қолданысы аясын кеңейтіп, қазақ тілін жан-жақты дамыту бойынша ауқымды іс-шаралар іске асырылуда. Қазақша сөйлеп жүрген басқа ұлт өкілдерін көргенде көңіл қуанады. Қазақ тілін үйрену



Еркін БАЙБУТАЕВ, Алматы облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

үшін арнайы курстарға жазылатындар қатары да өсуде. Мемлекеттік органдар да мемлекеттік тілге ерекше көңіл аударып келеді. Бұл жақсы үрдіс. Осы оң тенденцияны әрі қарай жалғап, әр азамат отбасында, ортасында тек қазақша сөйлеуге, мемлекеттік тілді дәріптеуге үлес қосқаны жөн. Сонда біздің тіліміздің мәртебесі биіктей береді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Көлігін дұрыс емес жерде ұзақ уақыт қыздырып тұратын жүргізушілерге айыппұл салынады. Тіпті тұрғын үйлердің ауласында 5 минуттан көп қыздыруға болмайды. Осыған орай заң маманы ретінде қандай жағдайларда көліктерді ұзақ уақыт қыздыруға тыйым салынатынын және жаңа көліктерге қанша уақыт қажет екенін түсіндіріп өткенді жөн көрдім.

Аулада немесе автотұрақта көлікті тұрғындарға қолайсыздық тудыратындай етіп 5 минуттан артық оталдырып, өзі салонда не т.б. орындарда болса, бұл заңбұзушылық болып табылады. Көлік бригадасы көбіне тұрғындар

КӨЛІКТІ ҰЗАҚ ҚЫЗДЫРҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ



Тұрар СЫДЫҚОВ, заңгер

Көлікті енді тек белгіленген жерлерде ұзақ қыздыруға болады.

Жол ережесі бойынша көлікті жол жиегінде жылытуға болатынын, тек оның ешкімге кедергі келтірмеуі керектігін ескерген жөн. Тұрғын үйлердің ауласында 5 минуттан артық тұру айыппұлға әкеп соғады. Жергілікті тұрғындар оталып тұрған көлікке шағымдана, көлік иесі жауапқа тартылуы мүмкін. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 597-бабының 1-бөлігі бойынша бірінші рет 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Ал бір жылда екінші рет тағы ереже бұзсаңыз, 10 АЕК көлемінде айыппұл төлеу қажет болады. Полицейлердің аулада көлік қыздырған жүргізушілерге қолданған жазалары жайлы статистика да бар. Ол деректердің барлығы көлікті тұраққа қою ережелерін бұзған деп тіркеледі.

өтінішімен келген сәтте әдетте жүргізуші болмайды. Сондай-ақ, автотөкіл мамандарының айтуынша жаңа көліктерді ұзақ қыздырудың қажеті жоқ. Көптеген автотөкіл үшін қозғалтқышты шамамен 30 секунд қыздыру жеткілікті. Көлікті ұзақ қыздыру тек отын шығынын және зиян заттардың шығарындысын арттырады. Майдың температурасы 40 градусқа жетуі керек, содан кейін көлікті басқаруға болады. Рас, бұл кем дегенде 15 минут оталып тұруы қажет дизельді автотөкілдерге қатысты емес. Елімізде жол қозғалысы ережелері тек жылдамдықты шектеумен ғана емес, экологияға деген әсерімен де өлшеніп отыр. Сондықтан экологияны сақтап, қоршаған ортаға пайдамыз тисе игі!

КӨЗҚАРАС

ТІЛ ҚҰРЫСА, ҰЛТ ЖОҒАЛАДЫ

Тіл – ол халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеген.

Бүгінгі қазақ қоғамындағы мәңгірттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады. Ана тіліміздің тағдыры үшін күресте халқымыз қам-қарекетсіз болған емес.

Тілге құрмет – халыққа құрмет көрсеткенмен тең. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктету – парымыз. Қазақстан Республикасында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің бірнеше алғышарты бар. Атап айтқанда, сол тілді қолданушылар санының жеткілікті болуы, табиғи және табиғи емес тілдік ортаның болуы, республиканың барлық аймақтарына таралуы, қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және ауызша әрі жазбаша түрде қызмет етуі сияқты сыртқы факторлардың болуы, сондай-ақ қазақ тілінің құрылым-жүйесі жетілген, лексика-фразеологиялық қоры аса бай, ежелден келе жатқан жазба

және ауызша дәстүрі бар ұлттық тілдердің бірі ретіндегі ішкі тілдік факторлардың болуы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуіне мүмкіндік береді.

Әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы А.Байтұрсынұов: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт, өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін араластыра-араластыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айырылып қалуы мүмкін. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылыми кітаптарын қазақ тіліне аударғанда, пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болып, жоғарыда айтылған талғау салтының шарты орындалған болады» деген екен. Сол айтпақшы, тілдік нормаларды бұзып, өз тілімізге қиянат жасамайық.

З. ӨТЕГЕНОВА, Бейне аудандық сот әкімшісінің басшысы МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

ЖАҢА ЗАҢ ЭКОНОМИКАНЫ ТӘУЕЛДІЛІКТЕН ҚҰТҚАРМАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құжат СТ-KZ сертификаттары мен өнеркәсіптік сертификатты беру барысында анықталған кемшіліктерді жойып, тауар өндірісін растау жүйесін жетілдіруге бағытталған. Жаңа тізілім толыққанды ақпараттық жүйе болады және ол қажетті құжаттарға сараптама жүргізу үшін басқа мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланады.

Тізілім өтініш беруші мен әкімші арасындағы байланыстарды азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек тізілімді әзірлеу барысында жеке сараптамадан мемлекеттік сараптамаға көшу ұсынылып отыр. Бұл шараға бизнес өкілдері де қатысатын болады. Тізілімді жүргізуге жауапты уәкілетті мемлекеттік орган – Индустрия және құрылыс министрлігі болмақ. Оны қалыптастыру және жүргізу өтініш беру, цифрлық верификациялау, өндірісті бағалау және тізілімге қосу немесе қоспау туралы шешім қабылдау секілді бірнеше кезеңнен тұрады:

Тізілім сонымен қатар Қазақстанда жұмыс істейтін тауар өндірушілері туралы өзекті ақпаратқа қол жеткізудің бірегей жүйесін құруға мүмкіндік береді. Экономиканы дамыту және әртарапандыру бағытындағы мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде мемлекеттік қолдауды тек қазақстандық тауар өндірушілерге бағыттау мүмкіндігін арттырады. Бұл тәсіл ресурстарды мақсатты пайдалану, жергілікті өндірісті ынталандыру және Қазақстанда өндірілетін тауарлар мен олардың өндірушілері туралы ақпаратқа бірегей қол жеткізуге жол ашады. Осының бәрі ұлттық экономиканың дамуына ықпал жасайды.

Депутаттар бұл құжатты бірауыздан қолдады. Жиын сөз алған депутаттардың қай-қайсы да оның отандық өндірісті қолдауға және



галдарға және басқаларға берілген.

Бұл жағдай адал кәсіпкерлерді тең шарттарда бәсекелесу мүмкіндігінен айырып, экономикамызға

белсенді түрде енгізуде. Бүгінде біздің еліміз жасанды интеллект пен сабақтас технологияларды енгізуге дайындық бойынша ТОП-50-ге кіреді. Отандық өндірушілерді бағалаудың жаңа жүйесін қалыптастыру үшін арнайы алгоритм пайдаланылатын болады. Бизнес-процестерді цифрландырудың жақсы деңгейінің арқасында мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі кәсіпорындардың ақпа-

...тәжірибе көрсетіп отырғандай, қолданыстағы сертификаттау жүйесінде оның сенімділігіне нұқсан келтіретін елеулі бұзушылықтар мен кемшіліктер болуда. Мәселен, жалған өндірістерді тіркеу жағдайлары орын алып жатыр. Мысалы, Атырауда «Исатай мен Махамбет» ескерткішінің орналасқан жеріне өндіріс бар деп сертификат берілген. Талдықорғанда сертификат алған субъекті өндірісінің мекенжайы ретінде монша кешені көрсетілген.

мемлекеттік ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған заң екенін айтып жатты. Депутат Нұртай Сабильяновтың сөзінен түйгеніміз, отандық өндірушілердің шынымен кімдер екенін анықтап алмайынша, біз өз бюджетіміздің қаражаты есебінен өзгелерді байытып, олардың экономикасын өсіре беретін боламыз. Бұл қаражатты өте тиімсіз пайдаланудың белгісі. «СТ-KZ» және индустриялық сертификаттар бастапқыда отандық өндірушілерді нақты қолдау үшін құрылды. Олардың негізінде мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде преференциялар беріледі, жеңілдіктер мен субсидиялар алуға мүмкіндік жасалады. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, қолданыстағы сертификаттау жүйесінде оның сенімділігіне нұқсан келтіретін елеулі бұзушылықтар мен кемшіліктер болуда. Мәселен, жалған өндірістерді тіркеу жағдайлары орын алып жатыр. Мысалы, Атырауда «Исатай мен Махамбет» ескерткішінің орналасқан жеріне өндіріс бар деп сертификат берілген. Талдықорғанда сертификат алған субъекті өндірісінің мекенжайы ретінде монша кешені көрсетілген. Сондай-ақ Қазақстанда жасалған өнім ретінде сертификаттар импорттық тауарларға, атап айтқанда: латекс қолғаптарына, LG теледидарларына, жасанды кө-

кері әсерін тигізуде. Бюджетіміз өзгелердің экономикасына жұмыс істейді. Ең бастысы – бүкіл мемлекеттік қолдау жүйесіне деген сенім азаяды. Ал, қаралып отырған заң жобасында ұсынылып отырған қазақстандық тауар өндірушілердің толыққанды тізілімін құру осы түйткілдерді жоюдың бірден бір тиімді тетігі. Оның нәтижесі жалған өндірушілерді жою, нақты зауыттар мен жұмыс орындарын құру, мемлекеттік қолдау жүйесіне деген сенімді арттыру, бюджет қаражатын пайдалануды оңтайландыру болуға тиіс.

Ал, депутат Екатерина Смышляеваның айтуынша, енгізіліп отырған шара әлемдегі ең жақсы тәжірибеге сәйкес келеді. Көптеген елдер өндірушілерді сертификаттау үшін электронды платформаларды қолданады. Оңтүстік Корея мен Австралия бизнесті тексеру үшін, АҚШ салық және кедендік деректерді талдау үшін блокчейн технологиялары мен жасанды интеллектті

раттық ізі сапалы деректердің жеткілікті көлемін жинақтауға мүмкіндік берді. Ал, бұл болашақта тиімді шешім қабылдаудың мүмкіндігі. Сондықтан жаңа тетік – модернизацияға жасалған қадам ғана емес, нақты кәсіпорындардың ашықтығына, тиімділігіне және қолдауына бағытталған реформаның негізгі элементі. Адами факторды алып тастау бағалау процесін іс жүзінде өтеусіз етеді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюды. Десе де, машина көре алмайтын және бағалай алмайтын жағдайлар болады. Сондықтан отандық өндірушінің мәртебесін анықтаудың жаңа тәртібін іске асыру барысында бірқатар міндетті шаралар мен шарттарға назар аудару керек. Мәселен, сандық тексеру алгоритмінің ашықтығы мен түсіндірілуі, объективті жағдайларды ескеру және дербес деректерге қатысты келісімдер мен оларды қорғау ережелерін алудың қатаң тәртібін сақтау қажет. Сонымен

қатар алгоритммен қабылданған шешімдер соңғы сатыда шындыққа айналмауы керек. Кәсіпкерлер олар бойынша дауласуға және адамның қатысуымен қайта қарауды талап етуге мүмкіндік алуы керек. Ол үшін депутаттар уәкілетті органның жанынан салалық реттеушілердің, бизнес өкілдерінің, сарапшылар мен қоғам қайраткерлерінің қатысуымен апелляциялық комиссия құруды ұсынды. Бұл – жаңа технологияларды қолдану этикасы және мүдделер тепе-теңдігін сақтау тұрғысынан маңызды институт.

Депутат Елнұр Бейсенбаев жаңа құжатты бүгінде барша қазақстандықтар күте-күте шаршаған экономикамызға үлкен жүйелі әрі тиімді өзгерістер әкелетін құжат деп мәлімдеді. Елімізге жұмыс орындарын беретін, салық төлейтін, халықты қажетті тауарлармен қамтамасыз ететін мықты өндіріс өздігінен пайда болмайды. Бұл үшін жағдай жасау керек. Бейсенбаев мырзаның айтуынша, қаралып отырған заң – осы бағыттағы үлкен қадам. Құжаттағы қазақстандық тауарлардың тізілімін құру және жүргізу үшін адал және ашық жағдайлар деген ұғым – бүкіл ел бойынша ашылатын жаңа өндірістер. Заң жобасы қабылданатын болса, салалық қауымдастықтармен бірге «Made in Kazakhstan» өндірісінің нақты және түсінікті стандарттары әзірленеді. Оларда барлық процестер мен талаптар жазылады. Өндірістің барлық деңгейлерінде салық төлеуден бастап, қызметкерлерге әлеуметтік аударымдар, жалақы мен коммуналдық төлемдерге дейін цифрлық верификация жүргізілетін болады. Ақпарат жасанды интеллект арқылы тұрақты негізде жүзден астам көрсеткіш бойынша жиналады. Мұның бәрі онлайн режимінде және бизнеске ешқандай ауыртпалықсыз жасалады. Бұл экономикалық тәуелсіздікке әкеледі. Біздің еліміз қазірдің өзінде миллиардтаған долларлық бюджет қаражаты тиісті бақылаусыз құмға сіңіп кететін кезеңнен өтті.

Тоқетерін айтқанда, аталмыш заң депутаттарды осылай қуантып жатыр. Айтқандары келсін дегеннен өзге не дейміз.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЭКОНОМИКА

ДӘРІ ӨНДІРІСІ: ӘЛЕМДІК НАРЫҚҚА ҚАДАМ

Өңірдегі «ТК Фарм Ақтөбе» ЖШС – сұйық май және қатты дәрілік заттар, жақпа майлар, түрлі ерітінділер өндірумен айналысатын зауыт. Қазақстанда дәрі-дәрмек өндірісі қарқынды дамып, әлемдік нарыққа қадам жасауға бет алды. Еліміздегі зауыттар халықаралық стандарттарға сай JMPI сертификатымен жұмыс істеп, сапалы дәрілік препараттар шығаруда.



Зауыттың кең қолданыстағы өнімі – мия тамырынан жасалған сұйық дәрінің құрамын осы жердегі мамандар жасап шығарған. Ол жөтелге қарсы жақсы ем әрі көп жағдайда жас балаларға да беруге болады. Аллергияға әсері байқалмайды. Әлемде дәрі-дәрмек кәсіпорындары қажетті субстансаларды JMPI сертификаты бар зауыттардан алады. Дәрілік препараттардың белсенді және қосалқы құрамдас бөлігі, химиялық және биологиялық қосылыс – субстансаларды өзімізде синтездей алмаймыз. Бұл – басқа сала. JMPI зауыттарынан келген қосылыстар

біздің зауыттың лабораториясында қатаң тексерістен өткен соң ғана өндіріске жіберіледі. Дәрі-дәрмек бағасын Денсаулық сақтау министрлігі реттейді.

Өңірлік фармацевтикалық қызметті бақылау департаментінен де тексеріс жүргізіліп тұрады. Бұл жерде медициналық мекемелерде жұмыс істеген, медициналық жоғары оқу орындарын бітірген терапевт, хирург, кардиолог, педиатр, жүйке жүйесі ауруларын емдейтін әртүрлі бағыттағы мамандар жұмыс істейді. Бұл жағынан тапшылық болмаса да, технолог, провизор, валидатор, химиктер керек екен. Зауыт өнім-

дерін Еуропа қайта құру және даму банкі сарапшылары үнемі тексеріп кетеді. Еліміз 2010 жылы дәрі-дәрмектердің сапасына қолжетімділікті жақсарту бойынша бірлескен мониторинг бағдарламасы – JMPI-ға мүшелікке өтті. Оның жұмысын халықаралық дәрі-дәрмек өндірушілер қауымдастығы (IFPMA) бақылайды. Фармацевтика саласындағы компаниялар мен қауымдастықтардың халықаралық өкілдік ұйымы жаңа дәрі-дәрмектерді әзірлеу мен оған қолжетімділікті арттыруға, денсаулық сақтау саласын дамытуға бағытталған. Қазақстан IFPMA-ға тікелей мүше емес, бірақ елдегі фармацевтикалық ұйымдар IFPMA стандарттары мен ұсыныстарын назарға алады.

Өндірістік бөлім бастығы Нұртай Өмірзақовтың айтуынша, барлық дәрі-дәрмек үш цехта дайындалады. «Біздің өнімдерді еліміздің дистрибуторлік фирмалары көтерме бағамен сатып алып, дәріханаларға жөнелтеді. Күніне ерітіндінің 10-15 мың қорабын, капсуладағы дәрінің 10-20 мың данасын шығарамыз. Кәсіпкерлікті қолдау қорының көмегімен әлемдік фармацевтикалық өндірісте кеңінен қолданылатын Жапонияның «Shimadzu Corporation» компаниясының жабдықтарын сатып алдық. Дәрілік заттар құрамын, күрделі қоспалар құрылымын, сапасын терең талдайтын жапон жабдықтары әлемдік дәрі-дәрмек өндірісінде өте маңызды рөл атқарады», – дейді Нұртай Өмірзақов.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
Заң газеті

«ВЕЙПСІЗ ЖАСТЫҚ ШАҚ»

Жоба «Қазақстанның балалар қоры» ҚҚ бастамасымен Астана, Алматы, Қарағанды, Өскемен және Шымкент қалаларында жүзеге асырылды. Оған Ішкі істер министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы қолдау көрсетті.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБА АЯҚСЫЗ ҚАЛМАСА ИГІ

«2024 жылдың 20 маусымында вейптарды әкелуге, өндіруге, сатуға және таратуға тыйым салудың енгізілуімен жасөспірімдердің вейпинг мәселесі толығымен шешілген жоқ, тек шетте қалды. Жоба шеңберінде, тыйым салынғаннан кейін вейптер мен бір рет қолданылатын темекілерді өткізу жолын анықтау мақсатында, танымал интернет-алаңдар зерттелді, Қазақстанда вейп өнімдерін белсенді түрде сату OLX сауда алаңында, сондай-ақ Telegram және Instagram сияқты әлеуметтік желілерде жүргізілетін анықталды», – дейді Қазақстанның балалар қорының директоры, Халықаралық балалар қорлары қауымдастығының вице-президенті, әлеуметтік жобаның жетекшісі Эльвира Ватлина. Оның айтуынша, «Вейпсіз жастық шақ» жобасы бойынша полиция қызметкерлері мен бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдермен бірге вейп-шопқа 98 мониторингтік рейд жүргізілді. 21 жасқа дейінгі адамдарға вейптерді сату туралы талапты бұзғаны үшін 42 әкімшілік хаттама жасалды. Білім беру мекемелерінде вейпингтің зияны мен алдын алу туралы 48 семинар мен ақпараттық кездесулер ұйымдастырылды. Мұғалімдерге, ата-аналарға және сатушыларға 4208 мамандандырылған вейпшоптар мен сауда нүктелеріне 20 мыңға тарта ескертпе таратылды. Ерікті студенттер бірнеше бейнероликтер дайындады. 41 акцияға (флешмобтар, «Денсаулық шеруі»), қашықтықтан эссе республикалық байқауы, жарыстар, конкурстар мен викториналар) 30 мыңнан астам оқушы қатысты.

Қазақстан Халықаралық адам құқықтары және заңдылықты сақтау бюросының Қарағанды филиалының директоры Юрий Гусаковтың пайымдауынша, вейптарды сатуға, оларды әкелуге және өндіруге тыйым салуды үкімет толық ойластырған жоқ. Тыйым салынғаннан кейін, сатушыларға бар өнімді сату үшін жеткілікті мерзімдер беру елдегі жағдайға айтарлықтай әсер ететін еді. «Көлеңкелі» сатылымдар біраз қысқарып, вейп тұтынушыларының саны әлдеқайда азаятын еді.

«Біз құқық қорғау органдарының жұмысын бағалай алмаймыз. Өңірлердегі полицейлермен ынтымақтастықта жұмыс істеуге тырыстық. Анықталған заң бұзушылық фактілерінен кейін кінәлілер жазаланды. Бірақ вейпке тыйым салынғаннан кейін де өнім түсе беруде. Бұл желдірменмен күрескен Дон Кихоттың тірлігіне ұқсайды», – дейді Алматы қаласындағы «Вейпсіз жастық шақ» жобасының үйлестірушісі Марат Сайбеков.

Е. КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

СОТ СӨЙЛЕСІН

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТТАР ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛЕР КҮН ЖАҚЫН

Қазақстан соттарындағы реформалар үздіксіз жалғасып келеді. Сот пен халықты жақындатуда «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының тиімділігі зор. Себебі азаматтардың талап-тілегін ескере отырып, пікір-ұсынысына құлақ түре келе қолға алынған жобаларға әрқашан сұраныс жоғары, мұндай бастамалардың ғұмыры да ұзақ. Сондықтан, жаңашылдықтар көпшіліктің көкейіндегі мәселелерді түбегейлі шешуде пәрменді, мемлекет тарапынан көрсетілетін қызметті барынша сапалы орындауға бағытталуы керек.



Биыл қолданысқа енгізілгені отырған дербес кассациялық соттар да – қарапайым азаматтардың қалауымен өмірге келген бастамалардың бірі. Кассациялық соттарға қатысты жаңашылдықтың қолға алынуына тұрғындар пікірі әсер еткені белгілі. Себебі азаматтардың кассациялық сатыда істердің таңдап қаралатынына көңілі толмады. Бұл мәселе талай мәрте талқы тақырыбына айналып, ақыры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сотқа дербес кассациялық соттар құру бойынша жан-жақты ізденіс жасауды тапсырған-ды. Соның нәтижесінде заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, биыл 1 шілдеден бастап Астана қаласында үш дербес кассациялық соттың жұмысқа кірісетіні белгілі болды.

Жаңа кассациялық соттың жаңашылдығы неде? Ол азаматтар құқығын қорғауда сапаны арттырудың кепілі бола ма? Осы секілді сауалдар көпшілік тарапынан жиі қойылады. Сондықтан судьялар қауымы жаңа кассациялық соттардың мақсатын, маңызын, мәнін таныстыру бойынша ақпараттық-насихат жұмыстарын кең көлемде қолға алып отыр.

Жалпы алғанда, биылғы жылы жұмысын бастағалы отырған дербес кассациялық соттар кассациялық іс жүргізу тәртібін заңды күшіне енген сот шешімдері мен актілерін қайта қарауды қамтамасыз етеді. Бұл саты сот төрелігі жүйесінде шешуші рөл атқарады. Мұндағы негізгі міндет төмен тұрған соттардың жіберген қателіктерін түзетуге және елдің барлық аумағында заңдардың біркел-

кі қолданылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Төменгі саты соттарында жіберілген қателіктерді жою, әділ төрелікті қалпына келтіру ел үшін қаншалықты маңызды болса, Қазақстанның бар аумағында заңдарды біркелкі қолдану да соншалықты өзекті. Біріншіден, бірыңғай практика орнықтыру судьялар жұмысын жеңілдетеді. Екіншіден, судьялардың қателік жіберуінің алдын алады. Үшіншіден, азаматтардың өз істері бойынша болжалды қорытынды жасауына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, кассациялық соттарға артылар жауаптылық жоғары. Ең бастысы, кассациялық сот азаматтар мен заңды тұлғаларға әділетсіз немесе заңсыз сот актілерін қайта қарауға жан-жақты мүмкіндік береді. Мұның өзі Конституциясында кепілдік берілген азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауда маңызды рөл атқарады.

Кассациялық соттың шешімдері заңнамадағы олқылықтарды немесе кемшіліктерді анықтауда да үлкен көмек екенін айта кеткен орынды. Кассациялық сот барысында анықталған қателіктер заңнамадағы өзгерістерге немесе құқық нормаларын нақтылауға негіз бола алады. Осылайша кассациялық сот заңнаманы және сот практикасын жетілдіруге көмектесу арқылы құқықтық жүйеге әсер етеді. Құқықтық салаға елеулі жаңашылдық әкелетін кассациялық соттар ел үмітін ақтауды деген сенімдеміз.

С. БАЙБОЛОВ,
Жетісу аудандық
№2 сотының төрағасы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КЕСЕЛ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС КЕШЕНДІ ШАРАЛАРДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің дамуына келтіретін зияны орасан. Қазақстанда да бұл мәселе өзекті болып қалуда. Бұл ретте мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызы зор. Олай дейтіміз, жүйелі және кешенді жұмыс заңдар мен ережелердің қатаңдатылуына ғана емес, сондай-ақ қоғамның жемқорлыққа деген қарсылығын күшейту мен мемлекеттік қызметшілердің этикалық нормаларды ұстануын талап етеді.



Айбар НУРБЕКОВ,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық экономикалық
сотының судьясы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ең маңызды элементінің бірі қоғамның жемқорлыққа қарсы көзқарасын түбегейлі өзгерту болып табылады. Ол үшін білім беру жүйесінде кеселге қарсы тәрбиені мықтап қолға алу керек. Мәселен, білім ордаларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарламалар енгізу өскелең ұрпақтың құқықтық-моральдық мәдениетін қалыптастыруға жол ашады. Білім бағдарламаларында сыбайлас жемқорлықтың қоғамға, экономикаға және демократиялық процестерге тигізетін зияны, т.б. жайлы мағлұматтар қамтылуы керек.

Мемлекеттік органдарда сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің таралуын анықтау

мақсатында қызметкерлер мен азаматтар арасында сауалнамалар жүргізу, ішкі корпоративтік мәдениетті зерттеу, яғни, қазіргі кадрлық саясаттың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға қаншалықты тиімді екенін бағалау маңызды. Бұл шаралар тағайындау жүйесін талдауды, мемлекеттік қызметшілерді іріктеу критерийлерін жасап адал, құзыретті қызметкерлердің мансаптық өсу мүмкіндігін кеңейтеді. Сауалнамалар мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлықты қалай қабылдайтынын, оған не итермелейтінін және жемқорлықпен күресуге қандай кедергі келтіретінін түсіну мақсатын көздеуі тиіс. Айта кетерлік жайт, елімізде сыбайлас жемқорлық деңгейін бағалау және «белсенді нүктелерді» (мысалы, кеден органдары, сот жүйесі, мемлекеттік сатып алулар) анықтау үшін Transparency International ұйымының сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі (CPI) сияқты халықаралық индекстер белсенді пайдаланылуда. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметте ашықтықтың болуы кеселдің алдын алады. Егер мемлекеттік қызметкерлердің әрекеті мен шешімі жария түрде жұртшылыққа көрсетілсе, олар заңсыз әрекеттерге барудан жасқанар еді.

Соттар мен құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттыруда сот ісін жүргізудің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты тергеулердің жариялылығын дамыту маңызды. Мұндай процестердің ашықтығы азаматтардың сот жүйесіне сенімін нығайтып, судьялардың жауапкершілігін арттырады. Елімізде электронды үкімет жүйесі қарқынды қолға алынуда. Осы жұмысты одан әрі жеделдетіп, барлық мемлекеттік қызметті электронды форматқа толықтай көшіріп абзал. Сонда ғана ашықтық толықтай қамтамасыз етіліп, сыбайлас жемқорлық көрсеткіші төмендейді. Мемлекеттік органдардың жұмысын мониторингтеу мәселесі де жүйелілікті талап етеді. Мониторинг барлық мемлекеттік сатып алу мен бюджет қаржысын жұмсауға қатысты ақпаратты қоғамға ашық жариялауға ықпал етеді. Азаматтар мен БАҚ-тың мемлекеттік қызметке бақылау жүргізу мүмкіндігінің болуы сыбайлас жемқорлыққа жол бермейді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік қызметкерлердің этикалық стандарттарын сақтау мен олардың құқықтық жауапкершілігін арттыруға тікелей тәуелді. Мемлекеттік қызметкер – кешегі оқушылар мен студенттер, сондықтан, олардың моральдық құндылықтары жас кезінде алған білімі мен тәрбиеке қарай қалыптасады. Бұған қоса мемлекеттік қызметкерлердің заңнаманы сақтап, мемлекеттік қызметтің этикалық принциптерін бұзбауы үшін жүйелі түрде тренинг, семинар мен курстар өткізуі қажет.

Жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыруда халықаралық тәжірибедегі тиімді шаралар мен механизмдерді енгізудің пайдасы мол. Халықаралық семинарлар, форумдар мен конференциялар ұйымдастырып, сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары туралы басқа елдердің тәжірибесімен таныстыру жаңа инновациялық шешімдер мен тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді. Қоғамдық бақылауды және whistleblower (информаторлар) құқығын қорғау, сыбайлас жемқорлықты ашып көрсеткен тұлғаларды қорғау жүйесін күшейту азаматтарды ынталандырады.

Жалпы, қоғамда, мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, онымен күресті нығайтатын кешенді шаралардың жоғары деңгейде жүзеге асуы тиімді мемлекеттік басқаруға ықпал етеді. Ал жемқорлықсыз қоғам құру еліміздің жарқын болашағына жол ашады.

КИЕ

ЗАҢДЫ ҚАЗАҚША ДАЙЫНДАУ МАҢЫЗДЫ

Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы. Тіл болмаса, адамдардың бірлесіп жұмыс істеуі, өндірістің қай саласын болса да ұйымдастыруы, дамытуы мүмкін емес. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Заңнамалардың жобасын дайындау, талқылау және қабылдау – өте күрделі процесс. Заңнамаларды мүлтіксіз орындау үшін, оның мазмұны мен мағынасын терең түсініп, ой елегінен өткізу қажет. Мемлекеттік биліктің дербес тармағы – сот билігі, сот төрелігін сапалы қамтамасыз ету мақсатында қабылданған заңнамалардың жиынтығының өзі бір төбе. Соңғы жылдары қабылданған заңнамалардың мемлекеттік тілдегі мәтін-

дерінде ұзақ жылдар қолданыста болған, бұқара халықтың сана-сезіміне сіңіп, қалыптасып кеткен кейбір заң терминдерінің атаулары өзгертіліп, жаңаша мазмұн мен сипатқа ие болып отыр.

Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақшада, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласының барлығында да батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың қажетіне айналдыру қажет. Бұл бізге жаңа міндеттер жүктейді. Олардың бәрін рет-ретімен жүзеге асыруға қазіргі кезеңде толық мүмкіндік бар. Соттардың тарапынан да осы мәселеге байланысты біраз жұмыстар атқарылуда және соның нәтижесінде сотқа түскен істердің басым бөлігі қазақ тілінде қозғалып, қаралып жатыр.

Д. ХАМИЕВ,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының судьясы

МЕЖЕ

БІЛІМ – БИІК МАҚСАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҚҰРАЛЫ

Данышпан Оноре де Бальзак «Мақсатқа жету үшін жүру керек!» десе, Альберт Эйнштейн «Егер бақытты өмір сүргіңіз келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз» деп ақыл қосады. Шындығында, биік мақсат қойғанда биік нәтижелерге қол жеткізу жеңіл. Сонымен бірге, мақсаттың орындалуы еңбек, ізденіс, талпыныс, табандылыққа тәуелді екенін де қаперден шығармағанымыз жөн.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Тұрақты даму мақсаттары» бағдар етіп келеді. Өркендеуге арналған іс-қимыл жоспарында білім беру саласы маңызды орын алады. Мұнда әр азаматтың толық қамтылған және әділ сапалы

білім алуын қамтамасыз етуге, өмір бойы білім алу мүмкіндігін ынталандыруға жіті көңіл аударылған. Білімге көпшіліктің қолжетімділігін арттыруды көздейтін бұл жобаның арқасында тәжірибеге енгізілген жаңашылдықтар аз емес. Онлайн оқу – сол әдістердің ең заманауи, ең оңтайлы түрі.

Қазіргідей уақыт тапшы заманда қашықтан білім алудың тиімді тұсы көп. Онлайн дәрістер уақыт жағынан ғана емес, қаржылық тұрғыдан да ұтымды. Өйткені Қазақстанның әр түрлі аудандарында азаматтар онлайн білім алғанда жұмысынан қол үзбейді, отбасынан алыстап кетпейді. Сонымен бірге ірі қалалардағы біліп ошақтарына да арнайы бару-

дың қажеті жоқ. Мұндай оқу үлгісі еліміздің түкпір-түкпіріндегі әлеуметтік аз қамтылған азаматтардың білімін жетілдіруіне, жаңа кәсіп меңгеруіне жол ашады.

ҚазҰУ білімін жетілдіріп, мамандығы бойынша машығын арттырғысы, кәсіби шеберлігін шыңдағысы келгендерге де тиімді ұсыныстар беріп, онлайн дәрістер өткізуді тұрақты қолға алып келеді. Ең бастысы, әр аймақтағы ынталы жандар еліміздің ең білікті заңгерлерінің дәрісіне қатысып, өзінің сауалдарын қоюға, сауатын көтеруге мүмкіндік алады.

Білім – адамның мүмкіндігін кеңейтетін құрал. Білім тұрақты дамудың барлық мақсаттарына қол жеткізуді жеделдетеді. Сондықтан білімге байланысты биік мақсат қойған адам ешқашан ұтылмайды.

Сабыржан ЖАПАКОВ,
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ
кеден, қаржы және экологиялық
құқық кафедрасының
аға оқытушысы

БІЛГЕН ЖӨН

«Неке және отбасы» туралы кодекс талабына сай, ортақ мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылар келісімі бойынша жүзеге асырылады. Егер олардың біреуі билік еткісі келсе, онда жұбайының келісімімен мәміле жасалады. Ал, мәміле екінші жақтың келісімінсіз жасалса, онда ол сотпен жарамсыз деп танылады. Отбасы және неке қатынастарын реттейтін

ОРТАҚ МҮЛІК ТАҒДЫРЫН ЕРЛІ-ЗАЙЫПТЫЛАР БІРІГІП ШЕШУІ КЕРЕК

заңнамалар бойынша бірге тұрған кезінде жиналған мүлік ортақ меншік саналады. Өйткені көп жағдайда мүлік ерлі-зайыптылардың бірлескен еңбегінің нәтижесінде жиналады. Ортақ меншікке не жатады десең, оған әрқайсысының отбасы болған кезде бірігіп тапқан табысы, оның ішінде зейнетақы, жәрдемақы, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер, т.б. кіреді. Сондай-ақ ерлі-зайыптылар-

дың ортақ табыс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған, капиталдағы үлестер және ол отбасында кімнің атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыпты болған кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік ортақ мүлікке кіреді. Ортақ мүлік үй шаруашылығы,

балаларды бағып-күту, басқа да дәлелді себептермен жеке табысы болмаған жұбайға да тиесілі болады. Дау туған жағдайда ерлі-зайыптылардың тәртіп жағдайы, бір-біріне, балаларына деген қатынасы ескеріледі. Сондықтан ерлі-зайыптылардың бірі екіншісінің келісімінсіз ортақ мүлікті сатуға, алмастыруға, сыйлауға және мұраға қалдыруға құқығы жоқ. Ерлі-зайыптылар ортақ мүлік тағдырын өзара келісіп шешуге міндетті.

Д. КОШЖАНОВА,
Ұлытау облысының көмелетке
толмағандар істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының әкімші басшысы



ҚАЗАҚ ЗАҢГЕРІ ЖАҢАНША

Сонау Сырым батырдың өмірі мен реформаторлық жолдарын өзіне үлгі тұтқан бала Жаншаның, «қайтсем қазақ жұртына өз теңдігін қолына ұстатамын» деген асқақ арманына да жол сілейтін жандардан табылып, заңгер Жаһаншаға айналғанын жақсы білеміз. Ол үшін әкесі реалдық училищені аяқтаған Жаһаншаны жанына ілестіріп, Бақытжан Қаратаевқа алып келеді.

Адамның көкірегіндегі көзіне қарап білетін зиялы жан, әкесі Досмұхамбетке қарап: «Сіз өзіңіз үшін болмаса тек бір ұлыңыздың қамын ойлап келіп тұрмаған секілдісіз. Ұлыңыздың артында еліңіздің де жағдайына алаңдап тұрғаныңызды сезгендеймін. Жалпы, қазір аумалы-төкпелі заман болып тұр. Оның үстіне балаңыздың да алысқа қарай көз тіккенін көріп тұрмын. Елдің ісіне араласу үшін саяси сауаттылық керек, саясат салтанат құрмайынша, жағдайымыздың дұрыстала қоюы қиын. Сондықтан ұлыңызға заңгерлік мамандыққа баруға кеңес беремін», – деген екен. Міне, осындай жандардан ақыл-кеңес алу, оны жүзеге асыру, асқан зиялылықты білдірсе керек. Сол кездегі оқып ел ісіне араласқан кез келген Алаш қайраткерлері өздері таңдаған мамандықтың шеңберінде шектеліп қалмай, бірнеше саланы қатар меңгеріп, жазу ісімен де айналысқанын көруге болады.

Дос-Мұхамедов Жаһанша 1887 жылы маусым айында Орал облысының Жымпиты уезіне қарасты Бұлдырты өзенінің бойындағы №3 Қа-

рақдық ауылында дүниеге келген. Алдымен ауыл молдасынан хат танып, кейін Жымпитыдағы болыстық мектеп «Приходская школадан» білім алады.

1896 жылы Орал қаласындағы әскери реалдық училищесінің дайындық класына қабылданып, кейін осында оқу орнына түседі. Училищесінде Халел Досмұхамедұлы, Жалмұхаммед Сүйінтұрұлы, Нұрғали Ипмағамбетұлы, Нұрғали Досболайұлы, Ғұбайдолла Бердіұлы, Шабазгерей Көсепғалиұлымен араласып, сырласты. Ұстаздардың ішінде Жаһаншаға жақын іш тартатын неміс тілінің мұғалімі Феликс Глизенгер болды. Ол жас шәкіртінің «жалқыма қызмет ету үшін оқып жүрмін» деген жауабына риза болып, «Олай болса, тарихқа көбірек үңіл, заңдық қағидаларды зертте, халқың үшін қызмет істеуге көп, табанды дайындал» деп кеңес беріпті. 1906 жылы оқуын тәмамдаған соң, Мәскеудегі Императорлық университетке оқуға түседі. Мәскеу университетін 1910 жылы «заңгер» мамандығы бойынша бітіріп шығады. 1911 жылы Көші-қон басқармасы-



Жаһанша Досмұхамедов

ның статист қызметінен еңбек жолын бастап, Ақмола, Торғай, Орал облыстары қазақтарының шаруашылығын зерттейді. 1911 жылы Томскіде отставкадағы генерал Черняев маңындағы земство бастығы болған К.Колосовскийдің қызы Ольгамен некеге отырады. Осы жылы «Уральский листок» газетінің №9,14,20 сандарына «Несколько слов о киргизском обычном нраве и народном суде» атты мақаласы жарық көреді.

Алдымен Томск қаласында мамандығы бойынша адвокат, кейін округтік сотының Каинск уезі бойынша прокурор болып 1916 жылға дейін қызмет атқарады. 1916 жылы Ақпан төңкерісінен кейін Каинск уездік атқару комитетінің төрағасының орынбасары қызметін атқарады. 1917 жылы Оралдағы уақытша Қазақ комитетінің арнайы шақыртуымен елге келіп, Орал қаласындағы 19-22 сәуірде өткен I Қазақ

съезінде төраға болып сайланды. Кейін Орынборда өткен I Жалпықазақ съезіне делегат болып барады. Орал облысының Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат және Киев қаласында өтетін Федералистер съезіне делегат болып сайланады. Орынбор қаласында өткен II Жалпықазақ съезіне делегат болып қатысып, «Автономия құру туралы» баяндама жасайды. Осы съезде Алашорда үкіметі құрылып оның төрағасы болып Әлихан Бөкейханов сайланады. 1918 жылы Қаратөбеде Батыс аймақтарды басқаратын үкімет құру үшін облыстық құрылтай өткізеді. 1918 жылы сәуірде Жымпитыда IV Орал облыстық қазақ съезі өтіп, Уақытша үкімет «Ойыл уәлаяты» құрылады. Үкімет құрамы 7 адамнан сайланып, оның құрамына Х.Досмұхамедов, Ж.Дос-Мұхамедов, Д.Күсепқалиев, С.Омаров, Қ.Асанов, С.Сарғожин, Ғабдолғалым Қуанайбаласы сайланады.

1918 жылы қыркүйекте Уфа директориясын құру мәжілісіне Алашорда үкіметінен 12 делегат қатысып, осы мәжілісте «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметі таратылып, оның орнына Алашорданың Батыс бөлімін құру туралы шешім шығарылады. Оның төрағасы болып Ж.Дос-Мұхамедов сайланады. Бір жыл сегіз ай қызмет жасаған Батыс Алашорда тараған соң, заман күрт өзгеріп кетеді. Алғаш рет Жаһанша 1920 жылы Орал қаласында тұтқындалады. Алайда ол өзін қорғап шығады. 1923 жылы ол Ташкентке кетеді. Онда ол ғылыми жұмыстармен айналысып, Орта-Азиялық юрист-консультант болып қызмет етті және 1924 жылы кеңестік қылмыс-

тық кодексті әзірлеп, 1000 данамен «Жауыздық нызамдамасы» деген атпен Ташкентте басып шығарады.

1927 жылы Қызылордаға көшіп келіп, УСХ да юрист-консультант қызметін жалғастырады. 1929 жылы осы қызметі бойынша Алматыға ауысады, бірақ қарашада жұмыстан қуылады да, жұмыс таба алмай Ташкентке қайта кетеді. 1930 жылдың наурызында Мәскеуге барады, онда бажасы Тұрар Рысқұлов Ольга екеуіне Хавско-Шабловка қиылысындағы 11 үйден екі бөлмелі пәтер алып беріп, «Скотоводқа» жұмысқа тұрғызады. Осы жылы ол қамауға алынып, 5 жылға сотталады. Екі жыл түрмеде отырып, содан соң 1932-1935 жылдар Воронежге жер аударылады. Ол жақта экономист болып қызмет етеді. Жазасын өтеп болған соң Мәскеуге оралады. Түрмеден келген соң денсаулығы сыр береді, сонда да Сәбит Мұқановтың кітаптарын аударумен айналысады. 1938 жылы 31 сәуірде Мәскеудегі пәтерінен тұтқынға алынды. Ол тұтқындалған уақытта үйлерінде әйелі Ольга, енесі мен студент Қадес болған. Үш айға жуық Таганск түрмесінде отырып, үштіктің шешімімен ату жазасына кесіледі. Заңды үкім 16 шілде 1938 жылы шығарылып, сол жылдың 3 тамызында орындалады. Ұзақ уақыт бойына әйелі оның атылып кеткенін білмей келеді. Мәскеудегі Бутово полигонында 120 адаммен бірге таңғы уақытта атылған. Ол полигонда барлығы 20761 адам бірнеше шұңқырларға көмілген және ұзақ уақытқа құпия түрде сақталып келген. 1957 жылы 2 желтоқсанда №1811/57 іс бойынша Мәс-

кеудің қалалық соты Жаһанша Дос-Мұхамедовтың кінәсі толық мойындалған жоқ, деп қаулауға шешім етті.

Бүгінде қазақ заңгерлерінің арасынан ойып тұрып орын алатын Жаһанша Дос-Мұхамедовтың еңбектері әлі толық зерттеуді қажет етеді. Оның тағы бір қыры – көркем әдеби аударумен айналысқанының телеграммалары арқылы дәлелденіп отыр.

«Уральский листок» газетінде кезінде жарық көрген «Несколько слов о киргизском обычном нраве и народном суде» атты мақаласы Жаһаншаның диссертациялық жұмысы екені анықталған. 2024 жылы арнайы «Жымпиты – Мәскеу» экспедициясы ұйымдастырылып, заңгердің кандидаттық жұмысы елге әкелініп, Сырым музейі мамандары қазақшаға аудармасын жасап, көпшілікке ұсынды.

«Қырғыз-қазақ күнделікті құқықтарын жүзеге асырушы органның халықтық соттағы негізгі қаулылары мен оларды қолдану» тақырыбында жазылған кандидаттық диссертация жұмысының Жаһанша Дос-Мұхамедовтың жаңа бір қырын ашқан елеулі еңбектерінің бірі болғаны анық. Сонымен қатар, жаңадан табылып отырған дипломдық жұмыс бұрын еш жерде жарияланбаған және қазақ мемлекетілігі мен оның құқықтық негіздері, әдет-ғұрпы, т.б. тұрғысынан тарихи құнды дереккөз деуге болады.

**Айнагүл ОЙШЫБАЙ,
Сырым Датұлы атындағы тарихи өлкетану музейінің меңгерушісі**
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ



Айгүл РАМАЗАН, филология ғылымдарының докторы, доцент:

«ЖАЛҚАУЛЫҚ – ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ЕҢ ҮЛКЕН КЕДЕРГІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал докторлық диссертацияны журналистикадан қорғадым. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда диссертациялық кеңестер ашылып, ана тілімізде қорғауға мүмкіншілік туды.

– **Ұзақ жылдардан бері шетел журналистикасының тарихынан сабақ бересіз, бұл пән студенттерге несімен қызық?**

– Біріншіден, шетел журналистикасының тарихы өте ертеден басталады. Тарихы мол елдің тәжірибесі де көп. Сол мол тәжірибеден ең озығын ескеп, пайдалана алсақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз. Барлығы демеу сек те, демократиялық бағыттағы елдердің журналистикасы еркін пікір айта білуімен бізге үлгі. Президент пе, басқа ма, қарамайды, ағат кеткен тұсы болса оңдырмайды, біздегі құсап орнынан түсіп қалғанда жамырап жамандамайды. Нарықтық қатынастар заманында менеджмент, маркетинг тұрғысынан үйренетін тұстарымыз өте көп. Сонымен бірге АҚШ журналистикасының бейтараптылық ұстанымы ұнайды, қандай жағдайда да таразы басын тең ұстау принципі керек. Аналитикалық журналистиканы қалыптастыруымыз керек. Баспасөз туралы заң журналистердің еркін жұмыс істеуіне жол ашады. Әлемдік баспасөз магнаты Руперт Мердоктың ұйымдастырушылық қабілетінен, Опра Уинфридін, Ларри Кингтің телебағдарламалар жүргізу шеберліктерінен үйренсе, несі айып?

Жалпы, қоғам қандай болса, журналистика да сондай. Егер демократиялы ел болып, сөз бостандығы болатын болса, онда пікір алуандығы болады. Оларда журналистік зерттеу жүргізіледі, дамиды, еркін пікір айтылады. Сол елдің журналистикасы қызық. Қазіргі кезде студенттерге ең қажеттісі осы деп ойлаймын.

Сұрағыңа қарай жауап беріп отырмын ғой, «Шетел журналистикасы тарихы» пәні ғана емес, «Қазақ журналистикасы тарихы» пәні де студенттерге қажетті, керекті пән. «Қазақ журналистикасы тарихы» жаңа көзқараспен, соны деректермен оқытылса, отаншыл, рухты журналистің қатары көбейеріне сенімдімін.

– **Журналистиканың барлық қырын меңгерген кәсіби мамандарды қалай тәрбиелеуге болады?**

– Қазіргі таңда журналистика саласында білікті, жан-жақты әрі кәсіби мамандарды дайындау – қоғам үшін аса маңызды міндет. Ақпараттың шынайылығы мен оның қоғамға тигізетін әсері артқан сайын, бұл мамандыққа қойылатын талаптар да жоғарылай түсті. Дегенмен нағыз кәсіби журналист даярлау үшін тек студент-

Жалқаулық - журналистикадағы ең үлкен кедергілердің бірі. Еріншек адам ақпараттық толқыннан қалып, өзін кәсіби деңгейде дамыта алмайды. Ал шынайы журналист үнемі қозғалыста, үнемі ізденісте болуы керек.

тің талпынысы мен қызығушылығы жеткіліксіз. Бұл жолда ең бірінші кезекте студентке білім беретін оқытушының кәсібилігі мен тәжірибесі шешуші рөл атқарады. Ел алдымен, ұстаздың өзі білімді, тәжірибелі әрі журналистика саласының барлық тетігін жетік меңгерген тұлға болуы шарт. Терең білім мен кәсіби тәжірибе болмаған жағдайда студентке жол көрсету, оны журналистиканың күрделі әлеміне дайындау мүмкін емес. Сонымен бірге ұстаздың жазушылық қабілеті болуы да аса маңызды. Егер ол өзі жазудың шебері болмаса, студенттерді қалай жазуға баулып, олардың шығармашылық әлеуетін қалай ашпақ? Журналистика – тек теориялық біліммен шектелмейтін, шынайы



жеткіліксіз, ол үшін еңбекқорлық, жауапкершілік, жылдам шешім қабылдау және үнемі ізденіс жолында болу қажет. Жалқаулық – журналистикадағы ең үлкен кедергілердің бірі. Еріншек адам ақпараттық толқыннан қалып, өзін кәсіби деңгейде дамыта алмайды. Ал шынайы журналист үнемі қозғалыста, үнемі ізденісте болуы керек.

– **Бүгінгі журналистика алаңында неге басқа сала мамандары көп?**

– Басқа сала мамандары жоқ деп айтуға болмас, бар. Бірақ басқа емес, телеөндіріс саласында. Себебі басқа

және үнемі ізденіс жолында болу қажет. Жалқаулық – журналистикадағы ең үлкен кедергілердің бірі. Еріншек адам ақпараттық толқыннан қалып, өзін кәсіби деңгейде дамыта алмайды. Ал шынайы журналист үнемі қозғалыста, үнемі ізденісте болуы керек.

сала мамандары қолынан жазу келмесе, газетке бара алмайды. Ал енді шын мәнінде тележүргізуші ретінде қазір әртістердің, әншілердің көбірек тартылып, жұмыс істеп жүргенін көріп жүрміз. Осы процестің журналистикаға да кері әсері болып жатыр. Журналистикаға соңғы 10 жылдықта келген талапкерлердің біразы: «Журналистикаға не үшін келдің?» десең, «Диктор болу үшін келдім» дейді. Олар дикторлық пен журналистиканың аражігін ажырата алмайды. Дикторлық деген журналистика деп ұғады. Себебі экранда әртис, әншілердің тамаша киініп, әдемі боянып, оқып отырғандарына қызығады. Біздің қоғам жалтырақты жақсы көретін қоғам ғой. Содан бәрі журналист бола қалғысы келеді. Бірақ олардың біразының бір сөйлемді дұрыс құрай алмауы да мүмкін. Тек әдемі киініп, боянып, сұрақ қоя алсам болды деп ойлайды. Тележурналистке де сұрақ

қоя білуге білім, ұдайы ізденіс керек екенін білмейді.

Мен «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» деген пікірді тәуір көремін. Бір мамандықтан бір мамандыққа секіргенде, жақын, туыстас мамандық болса болады. Мысалы, әдебиетшілер ішінен журналист болып жүргендер, журналистер ішінен әдебиеттанушы ғалымдар шыққаны сияқты. Ол болады. Ал енді өзге бір саладан журналистикаға келу деген оңай емес.

Салалық журналистикада, экономикалық басылымдарда экономистер немесе құқықтық басылымдарда заңгерлер істесе еш сөкеттігі жоқ, олардың жазғандарын әдеби редакциялау болды.

– **Журналист дайындаудың еңбегіңіз ақталды ма? Сіз оқытқан шәкірттер саладан өз орнын таба алды ма?**

– Бұл сұрақ маған ғана емес, жалпы журналист мамандарын дайындауға үлес қосып жүрген барлық оқытушыларға ортақ сұрақ сияқты. Әрине, шәкірттеріміз өз орнын тауып, журналистиканың шыңына шықса, өзінің кәсіби біліктілігімен көріне алса, қуанамыз. Онда біздің миссиямыздың орындалғаны, еңбегіміздің қолына кетпегені деп есептейміз. Қолынан жазу келетін бала журналист болып төрт жылдың ішінде қалыптасады. Сол студент кезінде өзін көрсете алған бала өмірден де өз орнын таба алады. Соңғы қатарда отырып ұйықтап, бір келіп, бір келмей жүретін баладан мен нәтиже шыққанын көрген жоқпын. Қазір университетте тексеру көп қой. Бұрын ертеректе кішкене еркінірек, кендеу уақытта сол 3-4-5 курстан бастап жұмыс істеп, орнын тапқан шәкірттер көп болды. Олардың көбі қазір белгілі, беделді журналистер. Мысалы, Нәзия Жоямгерген, Есей Жеңісұлы сияқты шәкірттер қаршадайынан газетте жұмыс істеп, өздерінің журналист бола алатындарын дәлелдей білді.

Ондай шәкірттер көп. Мұрат Ескан – 100 шақты мақаламен келіп тұскан шәкірт. Оның құниетанымына, парасат-пайымына қарап үлкен үміт күттік, үмітіміз ақталды. Елдің рухын көтеретін, ұлыларды ұлықтайтын ғажайып фильмдерді әкеліп, ұстаздарын ғана емес, халқын да қуантуды.

– **Мерейтойыңыз құтты, еңбегіңіз жемісті болсын. Мазмұнды әңгімеңізге рақмет!**

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

ҚИЫНДЫҚТА ШЫҢДАЛҒАН, ТАЛАЙ БИІК ШЫҢДЫ АЛҒАН

Жәнібек аудандық полиция бөліміне қарасты Тау ауылдық округінде «Жұртқа жақын полиция» қағида-тымен қоғаммен тығыз серіктестікте өнімді еңбек етіп жүрген білікті маман, жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік инспекторы, полиция майоры бар. Оның есімі – Руфат Қабиев. Жанға жылулық сыйлап, жүрекке шуақ төккен жас отбасының шаңырағында өрбіген әңгімеден мамандығын құдай сүйген азаматтың білім-парасатын және оның алаңсыз жұмыс жасауына бар жағдайын жасап отырған ақылды зайыбын көрдім.


«ӘЖЕМ ОТБАСЫНЫҢ ҚҰТЫ, ЖАРЫҒЫ МЕН ЖЫЛУЫ ЕДІ»

«Шежірелі мекен Бөкей ордасы ауданына қарасты Мұратсай ауылында 1986 жылы 15 маусымда дүниеге келдім. Марқұм әкем Ғұбайдолла Қабиев кеңшарда бас инженер, анам Қарлыға Ахонқызы бухгалтер болып еңбек етті. Отбасыма Әлия, Жазира, Данагүл есімді апаларым мен Фархад ағам, Бақтыгүл қарындасым, інім Нұркелді, яғни, ағайынды жетеуіміз. Біздің мектепте озық оқып, үлгілі де тәртіпті, еңбекқор болып өсуімізге ата-анамызбен бірге әкемнің анасы, баршамыз «Мама» деп атаған аяулы Әсіма әжемнің сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Сүбелі сөзді сүйегіне сіндірген, әуелетіп салған әуезді әнімен жүректі тербеген, суырыпсалма ақындығы бар әжем ауылға сыйы артқан адам болатын. Тереннен толғап, жүректі қозғайтын әсерлі әңгімесі арқылы біздерді адамгершіліктің биік шыңы адалдыққа, кісіге қылдай қиянат жасамауға тәрбиелеген аяулы әжем туысқандар арасындағы мызғымас бірліктің, ұйыған ынтымақтың өзегі, отбасының құты мен берекесі, жарығы мен жылуындай болатын.

ШЫҢДАЛУ МЕКТЕБІ

2005 жылы Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық университетінің Инженерлік-технологиялық колледжін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірдім. Кураторымыз Алтын Меңдіғалиева арнайы пәндерден алған білім негізінің мықты болуын қатаң қадағалайтын. Студент кезімізде қалалық, облыстық соттардың сот процестеріне жиі қатыстық.

2007–2010 жылдары Орал қаласында «Титан металл» жеке кәсіпкерлік мекемесінде заңгер болып қызмет атқардым. Осы аралықта БҚО полиция департаментіне түйіндемемді тапсырған болатынмын. 2010 жылдың 12 ақпанынан бастап ішкі істер саласындағы қызметім басталды. 2010-2012 жылдар аралығында Жәнібек ауданының Жақсыбай ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының көмекшісі болып қызмет атқарғанымда тәлімгерім Құттыбек Мұстафиннен хаттама толтырудан бастап, қылмыстың ашылу жолдарын үйрене бастадым. 2012-2015 жылдар аралығында Ұзынкөл, Борсы ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының міндетін атқардым. Жылдар өткен сайын үнемі іздену, еңбектену, әріптестеріммен өзара іс-тәжірибе алмасу арқылы кәсіби тұрғыда біліктілігімді арттырудан жалықпадым. Еңбек ете жүріп, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп, «Құқық бакалавры» дәрежесіне ие болдым. 2015 жылдан бастап үш жыл бойы Тау ауылдық округінде учаскелік полиция инспекторының міндетін атқарсам, күні бүгінге дейін Тау ауылдық округінде жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік инспекторымын. 2015 жылы өзім қызмет ететін учаскеде анасының айтқан шағымы негізінде дәрігерлік тексерілуден өткен бірінші сыныпта оқитын бүлдіршіннің зорланғаны туралы аудандық аурухана арқылы біздің полиция бөліміне мәлімет түсті. Қамқоршы жанның кейпін танытқан өгей әке «Қашан сараптама қорытындысы шығады?» деп сұрай бергендіктен, қылмыстық оқиғалардың сұрағы көп, күмәні қалың, жауабын табуға қиналған кезеңдерінде кәсіби білігіме, ішкі түйсігіме иек артатындықтан, күдікті Н.-ның өзіне түсе берді. Оның өзін тергеуге алдым. Ішкі түйсігім алдамаған екен, сараптама қорытындысы шықпай тұрып-ақ тергеу барысында ол өгей қызын өзі зорлап, «Анаң айтпа» деп қорқытқанын толық мойындады. Аса ауыр санаттағы қылмысты тез ашып, қылмыскер сот үкімімен 17 жылға абақтыға жабылды.



ЕҢБЕК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАДЫ

Біздің кейіпкер ҚР Ішкі істер министрі, полиция генерал-полковнигі Қ. Қасымовтың 2018 жылғы маусымдағы бұйрығымен ІІ дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен марапатталды. 2017 жылы Жәнібек ауданы атынан «Ең құрметті учаскелік полиция инспекторы» аталымы бойынша жеңімпаз атанса, 2019 жылы үздік учаскелік полиция инспекторларын анықтау мақсатында «Мамандығы бойынша үздік учаскелік полиция инспекторы» байқауына қатысып, Жәнібек ауданы бойынша «Үздік учаскелік полиция инспекторы» жеңімпазы болды. Астана қаласында өткен «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы» атты республикалық байқауында заң саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен мінсіз қызметі үшін «Қазақстан Республикасының жылдың үздік маманы» төсбелгісімен марапатталып, І дәрежелі дипломға ие болды.

ЕР БАҚЫТЫ – ӘЙЕЛ

Руфат 2008 жылы ауылдасы Сымбат Қапезовамен шаңырақ көтеріпті. Жоғары білімді, еңбекқор,

көркем Сымбат мектепте музыка пәнінің мұғалімі, ауылдық мәдениет үйінің директоры болса, 2016 жылы Мұратсай ауылдық округінің әкімі болып тағайындалды. Облыс бойынша ең жас әйел әкім болған Сымбаттың еңбек жолында түрлі қиындықтар кездесіпті. «2017 жылы қаңтарда сегіз жастағы ұлымыз Бақытнұр қатты ауырып, іші өтіп, аяқ-қолы сарғайып, қызуы түспей аудандық ауруханаға түсті. Аудан орталығында баламызға сүзек диагнозы қойылды. Халі күрт нашарлаған соң, санавиациямен облыстық көпбейінді балалар ауруханасына жедел жеткізілген сәбиіміздің қос бүйрегі бірдей істен шыққандығы белгілі болды. Бақытнұр жас жарымынан бастап ауырды. Бүйрек ауруының белгілері сол кезден байқалған сияқты. Оны қайдан білейік? Екі жасында талмасы ұстап, ауруханаға түсті. «Анемия», «салқын тиген» деп емделді. Ақыры сегіз жасында бүйрек сырқаты 5-ші сатыға жеткенде ғана біліп, «аһ» ұрып қалдық. Жедел жолдамамен әкесі екеуміз Астана қаласындағы «Ана мен бала» ғылыми орталығына жеткізіп, сараптама қорытындысы шыққанда, екі бүйрегі де семіп

бара жатқаны дәлелденіп, дәрігерлер оның өміріне қауіп төніп тұрғанын жеткізді. Бүйрек жетімсіздігіне шалдыққан ұлымызды аман алып қалудың жалғыз жолы жедел трансплантация жасау, яғни ұлымызға шұғыл түрде сау бүйрек салу керек екенін білдік. Ақын Қадыр Мырза Әлінің «Басталды өстіп менде бір, күлкімен сенің емделу. Екі есе қымбат енді өмір, екі есе қиын енді өлу», – деген өлең жолдарында айтылғандай, Руфат екеуміздің шыбын жанымыз шырқырап, ұлымыз үшін нендей қиындыққа да төзуге бекініп, баламызға бүйрегімізді беруге дайын болдық. Руфатқа «Сен отбасымызды асырауға жауапты болғандықтан, «жұмыс істеу керексің!» дедім. Әрі денсаулығында еш кінәрат болмау қажеттілігі талап етілетін ішкі істер саласында қызмет ететіндіктен, ерімнің жұмысында қалуы өте маңызды болатын. Ең соңында «Мамандар біледі» дедік. Бір қызығы екеуміздің де бүйрегіміз Бақытнұрға үйлесетін болып шықты. Дәрігерлер «Екеуіңіздің де бүйрегініз Бақытнұрға үйлеседі екен, тек әкесінің бүйрегі сәл үлкендеу, ал анасының бүйрегі дәл. Көбіне бүйректі анасы береді» деген қорытынды сөзін айтты. Ұлымды жарық дүниеге әкеліп бір ғұмыр сыйласам, бүйрегімізді беру арқылы екінші рет ғұмырын ұзартуға тәуекел етіп, қолхат беріп, ота үстеліне жаттым. «Әке-шеше болу да сынақ қатал» демекші, денсаулығы димкәс немересі үшін саналы ғұмырлары өткен ауылдық қалаға көшіп, жастары ұлғайғанда Бақытнұр үшін бар қиындыққа төзіп, оның қас-қабағына қарап, бірге қиналып, бірге қуана білген, тұлғалық тұрпатына таңба түсірмеген марқұм атам мен бүгінде жанымызда отырған аяулы анамызға Руфат екеуміздің алғысымызды сөзбен жеткізе алмаймын», – дейді инспектор жігіттің ержүрек жары.

Жарқын жүзді, ашық дидарлы Сымбат Тау ауылдық округіндегі мәдениет үйінде мәдени-демалыс жұмысын ұйымдастырушы болып қызмет жасайды. Бүгінде періште патшалығы салтанат құрған шаңырақта Бақытнұрдың балбөбек інісі Әлинұр мен қарақат көзді қарындасы Алина өсіп келеді.

Меңдігүл ФАЗЫЛОВА,
Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі Жәнібек аудандық музей бөлімінің меңгерушісі,

ОҢ ҚАДАМ

САНДЫҚ ЖҮЙЕ ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Цифрландыру қазіргі таңда қоғам дамуының маңызды бөлігіне айналды. Еліміздің барлық саласы дерлік сандық оңтайландыру жүйесіне көшті. Соның арқасында қызмет көрсету сапасы жоғарылап, халық талай қызметті онлайн алуға көшті, салада ашықтық пайда болды. Электронды сот төрелігінің көмегімен азаматтар мен ұйымдар сотқа құжаттар мен өтініштерді арнайы онлайн платформалар арқылы беріп, бұл мүмкіндік күту уақытын қысқартуға үлес қосты. Соның ішінде электрондық құжат айналымы сот процесіне қатысушылар арасында ақпарат алмасуды жылдамдатып, қағаз айналымын азайтса, электронды сот отырысы қатысушылардың уақытын үнемдеп, процедураны айтарлықтай жеңілдетті. Сот жүйесін цифрландыру бюрократиялық процедураларды азайтуға және процестерді автоматтандыру және стандарттау арқылы сыйбайлас жемқорлық қауіпін азайтуға көмектеседі. Өйткені талай қызметтерде адам факторы азайып, автоматтандырылған жүйеге көшті. Тіпті сот істері де судьяларға автоматтандырылған жүйе арқылы бөлініп келеді. Онлайн сот процестері сот

барысын нақты уақыт режимінде бақылауға және ықтимал бұзушылықтарға дер кезінде ден қоюға мүмкіндік береді. Сондай-ақ сандық технологиялар құжаттарды толтыру, тапсырмаларды тарату, мерзімдерді қадағалау және т.б. сияқты көптеген күнделікті процедураларды автоматтандыруға мүмкіндік береді. Дейтұрғанмен цифрландыруды табысты жүзеге асыру үшін судьялардың, адвокаттардың және сот процесінің басқа да қатысушыларының жаңа технологиялармен жұмыс істеуге дағдылануын қамтамасыз етудің маңызы зор. Салада бұл істер де жыл сайын жолға қойылып келеді.

Қазақстандағы сот жүйесін цифрландыру қазіргі сот төрелігі мен азаматтардың құқықтарын қорғау үшін жаңа мүмкіндіктер ашып, дамуды жалғастыруда. Бұл процесті табысты жүзеге асыру еліміздің құқықтық жүйесін жаңғыртуда және тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму үшін жағдай жасауда шешуші рөл атқарады. Сондықтан сот жүйесін цифрландырудың маңызы зор.

Аслан ОРАЗГАЛИЕВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

ЖАҢА РЕФОРМА

Кассациялық сот – бұл сот істері мен материалдарын кассациялық сатыда қарастыратын орган. Ол сот практикасын зеттеп, жинақталған нәтижелер негізінде төменгі сот сатыларының заңдылықты сақтау мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар, заңда белгіленген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жаңа сот сатысы 2025 жылы қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша құрылып, апелляциялық сот алқасының шешімдері негізінде істерді қайта қарауға мүмкіндік береді. Бұл реформа сот жүйесінің тиімділігін арттыруға, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сондай-ақ сотқа сенімді

ықпал етеді деген үміттеміз. Тәуелсіз кассациялық соттың құрылуы сот төрелігінің сапасын арттыруға және азаматтардың соттарға деген сенімін жоғарылатуға ықпал етеді. Ең маңызды, бұл кассациялық орган толықтай тәуелсіз болады. Кассациялық сот құқықтық жүйенің дамуына ықпал етіп, заңдарды тиісті

қолдануға жол ашады. Кассациялық сот құру қоғамның әділдікке деген талабын қанағаттандырып қана қоймай, сот жүйесін одан әрі жетілдіруге, құқықтық мәдениетті дамытуға бастау алады. Бұл реформа Қазақстанда сот жүйесін халықаралық стандартқа сай жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып табылмақ.

Н.БИСЕМБАЕВА,
Қызылорда облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ӨҢІР

Ақмола облысына қарасты Жарқайың ауданындағы «Жастар» шағын ауданында 80 пәтерлі тұрғын үйдің кілттерін салтанатты түрде табыстау рәсімі өтті. Қайта жөндеуден өткен бұл тұрғын үй әлеуметтік жағынан осал топтарға арналған. Олардың баспанасы Мемлекет басшысының тұрғын үй мәселелерін шешуге бағытталған әлеуметтік бастамалар аясында жақсартылды.

80 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Іс-шараға қатысқан Ақмола облысы әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов баспананың әр отбасы үшін жаңа мүмкіндік екенін атап өтті.

«Бұл үй көптеген отбасы үшін жаңа өмір бастамасы, олар мемлекеттік қолдаудың арқасында баспанаға ие болып отыр», – деді.

Бақытты қоныстанушылардың қатарында 17 көпбалалы отбасы, 36 жалғызбасты ана, 16 жетім бала, 8 мүмкіндігі шектеулі жан, 2 зейнеткер және мүмкіндігі шектеулі баланы тәрбиелеп отырған бір отбасы бар. «Мемлекеттік

қолдаудың арқасында біз енді жайлы жағдайларда өмір сүріп, балаларымыздың болашағын жоспарлай аламыз», – деп ризашылығын білдірді көпбалалы ана Сәрсек Гүлжанат.

Осы жоба аясында басқа да азаматтар санатын қолжетімді және жайлы баспанамен қамтамасыз ету жұмыстары жалғасын табады. Бұл өңір тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңның талабына сай жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Ал кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам белсенділігінің маңызы зор.

ОРТАҚ ІС

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық секілді құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейі мен әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық

бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай,

жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, жемқорлық дәрімен емдейтін сырақат емес. Қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған кемшілікті жоюға атсалысып, көп болып қарсы тұруымыз қажет.

Н.МАЖИТОВА,
Батыс Қазақстан облысы
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты
кеңсесінің бас маманы

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басшылар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басшыларға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanzan@mail.ru

ТАРАТУ

2. «Ұш ағайын - ССЖ» тұтыну кооперативі (БСН 240940023228) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Құрманғазы ауылдық округі, Құрманғазы ауылы, Отар Юсупов көшесі, 13-үй, тел. 87760719944.

3. «Коммекс-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Семей қаласындағы «Коммекс Өмір» ӨСК» АҚ филиалының (БСН 100341005740) жабылғаны туралы хабарлайды. Есептік тіркеуді алып тастауға «Коммекс-Өмір» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 20.01.2025 жылғы №2 хаттама шешімі негіз болып табылады. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурыз батыр көшесі, 19, тел. 87272447400.

4. «VR Gate» ЖШС (БСН 190340024926) (010000, Астана қаласы, Алматы ауданы, Энергетик тұрғын үй кешені, Еренқабырға көшесі, 14/2 үй, 20 пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 60 үй, 159 пәтер, тел. 87786471792.

5. «MegaFood.KZ 5» ЖШС (БСН 221240041933) (Алматы қаласы, Т.Сауранбаев көшесі, 15/26 ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 121 үй, 53 кеңсе, тел. 87772319777.

6. «Азия Глобал Строй» ЖШС (БСН 170240000614) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Строитель шағын ауданы, 43 үй, 69-пәтер.

8. «Асылхан 2020» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 240640023524) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан ауылы, Желтоқсан көшесі, 2, 19-үй, тел. 87026287869.

9. «Java Investments Management Kazakhstan» ЖШС (БСН 080740009380) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 34 үй, 34 пәтер, тел. 87775240111.

11. «Gul & Aray» ЖШС (БСН 221140027372) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Арыс қаласы, Тұрғын үй алабы Мпс, 64 үй, пошта индексі 160100.

12. «Ақмешіт» Ауылдық тұтыну кооперативі (БСН 140240000837) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ОҚО, Ордабасы ауданы, Аққойлы ауылы, Пердебайұлы көшесі, 8.

20. «РошАль» ЖШС (БСН 100640003333) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Аэродромный бұрылысы, 1 үй, тел. 87273441189.

21. «Көкшетау қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 150340000248) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шалқар көшесі, 9А, тел. 87162298100.

23. «Нур-Али Сервис» ЖШС (БСН 190140005080) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 14-44-55, тел. 87016739274.

ӨРТҮРЛІ

7. «Ивановка Агро Север» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 040340001362, барлық қатысушыларды кезектен тыс жиналыс өтетіні туралы хабарлайды. Жиналыс 2025 жылғы 24 ақпанда мына мекенжайда өтеді: СҚО, Аққайың ауданы, Ивановка ауылы, Мира көшесі, 1.

Күн тәртібі:
1. «Солтүстік» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен көктемгі дала жұмыстары мен егін жинау жұмыстарына арналған айналым қаражатын толықтыру жобасын жүзеге асыруға байланысты 420 000 000 (төрт жүз жиырма миллион) теңге көлемінде, жылдық сыйақы мөлшерлемесі 5%, 2026 жылғы 10 ақпанға дейінгі мерзімге несиелік шартына қол қою.
2. «Солтүстік» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына «Даму» Қорына кепілдік алу үшін соттан тыс жүргінуге келісім беру, егер «Ивановка Агро Север» ЖШС өз міндеттемелерін орындамаса және/немесе тиісті түрде орындамаса.
3. «Солтүстік» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясына АҚ егер «Ивановка Агро Север» ЖШС өз міндеттемелерін орындамаса немесе тиісінше орындамаса, Қазақстан Республикасының барлық екінші деңгейлі банктерінде орналасқан «Ивановка Агро Север» ЖШС барлық шоттарынан қосымша хабарламасыз қаражатты тікелей дебеттеу арқылы даусыз алу құқығын беру.
Тел: 8 776 991 22 44.

10. Жарқайың ауданының «Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі, БСН 241240002272 Жарқайың ауданының «Ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бірігу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Ақмола облысы, Жарқайың ауданы, Державинск қаласы, Мир көшесі, 78 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады. Байланыс телефоны 8 (71648) 9-14-59.

22. «DAMU Metals» ЖШС (БСН 231040019317) жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы хабарлайды. Серіктестіктің кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Серіктестіктен қосымша кепілдіктер талап етуге, не тиісті міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтату немесе орындауды талап етуге, сондай-ақ шығындарды өтеуді сұрауға құқылы. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Бұқар Жырау бульвары, 26/1 үй, 6-кеңсе, пошта индексі 050000.

24. Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 соты Қарағанды қаласында, Экибастузская көшесі, 123 үй, 23 пәтерде тұратын, 23.11.1963 жылы туған Қуанышбек Қауқенович Барахметовтың шағым бойынша 1944 жылы туған Тамара Ахметовна Такееваның қайтыс болғаны туралы іс қозғады. Аталған фактіге қатысты мәліметке сәйкес, қайтыс болардан бұрын марқум Тамара Ахметовна Такееваның тұрғылықты мекені Қарағанды қаласы болған. Азаматша Тамара Ахметовна Такееваның барған жері туралы мәлімет білетін адамдардан осы хабарландыру жарық көрген соң үш ай ішінде сотқа хабарлауды сұраймыз.

25. Хабарландыру
«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ жанындағы байқау кеңесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) келесідегі шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға конкурс жариялайды:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «№ 4 қалалық емханасы» МКК.
Мекенжайы: БҚО, Орал қаласы, К.Мусин көшесі, №92
негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Азаматтарды медициналық қамтамасыз етудегі қоғамдық қажеттілікті және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды тиімді қанағаттандыру;

Конкурс 2025 жылғы 24 ақпан сағат 11.00-де БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201 үй, 117 кабинетте өткізіледі.

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінін:
1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық

саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

2. Мынадай:
1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысу туралы өтініштер 2025 жылғы 22 ақпан аралығында қабылданады.

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;
3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына

сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымы) беруге болады.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты-жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін конверт сыртыңың конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:
1) шақыруда немесе мерзімдік ба-сылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға бағытталуы;
2) «Байқау кеңесі мүшелерінің мемлекеттік кәсіпорынның конкурсы» «2025 жылғы 24 ақпанда дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтініш мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан жіберіледі. Конкурсқа қатысу туралы өтініш 2025 жылдың 24 қаңтардан бастап 2025 жылғы 22 ақпан аралығы инд. 090001, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201 үй, 113 кабинетте (тел. 8(7112) 241815, 504504) қабылданады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директорлары Кривилова Татьяна Ивановна, Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Тrade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 8772256506.

– Алло, Абылай аға!
– Иә, құлағым сенде.
– Үйге кірейін бе, жоқ, сіз сыртқа шығасыз ба?

– Ішке кіре бер, – дедім мен.

Іле-шала домофон қоңырауы безектеп, келіншегім едел-жедел есікті ашуға бара жатты. Қонақ бөлмедегі диванда «Цифровая криминалистика» деген еңбекті оқып жатыр едім. Кітабымды үстел үстіне қойдым да, кең бөлменің терезеге таяу бұрышында қол компьютерін шұқылап, ішіне кіріп кеткен Арыстанға қарадым. Биыл тоғызыншы сыныпта оқып жүрген балам әзір ғана телефонмен сөйлескен маған тіпті назар аударар емес. Дәп бір меніреу адам секілді есіктің қоңырауын да естімеді. Әжептәуір жігіт болып қалса да, далаға шығып бір ауық серуендеп қайтуды білмейді. Күнұзаққа арқандаулы аттай компьютердің алдында отырғаны. Біз мұның жасында қыз қуып, қызық іздеп, үй бетін көрмей, қаңғырып жүруші едік. «Дала безер боп кеттің» деп анам ылғи да ренжитін.

Ауызғы үйден Нұрбектің үні естілді.
– Амансыз ба, Әйгерім жеңге? Жағдайларыңыз қалай? Мынау сізге! – деп сәмпылдап сөйлеп жатыр.

– Түу, несіне әуре болдың, айналайын! Ағаң сыйламайтын құшақ-құшақ гүлді қайныларыман аламын, әйтеуір, – деді Әйгерім риза болып.

– Абылай Әзімханұлының сыйлығы деп қабыл алыңыз, жеңге!

Нұрбектің кейде осылай ресмилене сөйлейтін мінезіне езу тарттым.

– Мақұл, айналайын, мақұл! Келіншегім дауысын бәсеңдетіп сыбырай сөйлеп жатты. «Нұрбекжан, кешелі бері Әбекенің көңіл-күйі жоқ. Абайлап сөйлесерсің» деп тұрғаны анық еді.

– Ассалаумағалейкум, Абылай Әзімханұлы!

Қонақ бөлменің есігі айқара ашылып, арғы жақтан Нұрбектің қасқа басы көрінді. Кере қарыс маңдайына көзім түссе болды, Хасен атам ойыма оралады. Ол кісінің де басы жып-жылтыр, қылпық шаш болмайтын.

– Уағалейкумассалам, – дедім қонағымның ресми амандасатын әдетіне тағы да жымпып. Күлген кейіп көрсеткеніммен, жан-дүнием құлазып, дегбірсізденіп тұрғанымыз Нұрбек бірден түсінді.

– Кел, отыр! Жұмыс қалай? – дедім туыс ініме компьютерімнің алдындағы орындықты көрсетіп.

Арыстан осы сәтте ғана үйге Нұрбектің келгенін біліп, «Көке, қалайсың?» деп қолын берді де, бөлмеден шығып кетті. Баяғыда Нұрбек келді деген сөз, екеуі алысып-жұлысып, күресіп ойнап, үйді әлем-тапырақ етуші еді. Арыстан кейде ағасының артқы жағынан байқатпай келіп, қасқа басынан тоқай алып қашатын. Нұрбек Арыстанды қуып жетіп, мойнынан қылғындыра қысып, екінші қолымен шырылдатып шашын жұлып жататын. «Аға де», «ағатай де», «көке де», «көкетай, енді өйтпеймін де» деп үйдің ішін азан-қазан етіп жіберетін. Нұрбек келсе, «көкелеп» бауырына тығылатын Арыстанның салқын амандасқаны есейгені болар деп түсіндім. Қалай байқамағанмын, кеше ғана Нұрбекті «ағалап, көкелеп» айналсоқтал жанынан шықпайтын балам ержетіпті.

– Жұмысымызды білесіз ғой, аға. Күні-түні кеңседе байлаулы иттей тапжылмай отырамыз, – деді қонағым күліп.

– Сендерді қойшы, бұ күнде біз де байлаулы ит сияқтымыз, – дедім мен.

– Жеңге айтты, денсаулығыңызға байланысты демалыс алыпсыз. Бір жеріңіз ауырып жүр ме?

– Денсаулық орнында, Нұрбек жан. Тепсем, темір үзем. Ауырғаннан сақтасын Құдай! Алаңдама. Бірақ өтірік ауырғаннан басқа жол қалмай тұр. Былайша айтсам, өз-өзімді ұй қамақта ұстап отырмын. Ішім бір сұмдықты сезеді. Хакерлер бұлай тайрандай берсе, бастықтар мені тірі қоймайды, – дедім көмейіме кептеліп тұрған өксік шерді лақ еткізіп ақтара салып.

Бұрын-соңды таусыла сөйлегенімді көрмеген Нұрбек:
– Өткендегі мәселе ме? Қиын, өте қиын, – деді мені аяғандай бәсең тіл қатып.

– Осы іске мүлдем бас сұқпау керек

еді. Қызметі құрысын, баяғыда тыныш жүре бермей, пысықсынып от басып-пын.

– Жоқ, аға, Алланың басқа салғаны осы. Ертең-ақ ештеңе болмағандай бәрі ұмытылып кетеді. Уайымға салынып, өзіңізді қатты қинай бермеңіз, – деді інім компьютерді қосып жатып.

– Хакерлердің кім екенін анықтамай ұйқы жоқ, енді.

– Уайымдамаңыз, бастысы, міне, келдім ғой. Ақысыз демалыс алдым. Қанша күн қадалып отырсақ та, қылмыскерлердің бір ізін табамыз. Көр де тұрыңыз, табамыз!

– Таппасақ, екеуміздің де талқаны-

шемін алып, келісімшартқа қол қойғызып, жартылай ақшасын төлеттіріп, табанын жалтыратады екен, ұрылар. Алаяқтарды ұстау үшін Нұрбектің көмегіне жүгінуге мәжбүр болғам.

Нұрбек – туысым. Атам Қайсеннің туған ағасы Қасеннің немересі. Әлемдік банктер жүйесінде IT маман болып қызмет етеді. Сонымен бірге Астана қаласындағы Назарбаев университетінде мамандығы бойынша ұстаз. Қазіргінің тілімен айтсақ, «батыс көрген», компьютердің құлағында ойнайтын ұрпақ. Қызмет пен ғылымды қатар алып жүрген осындай інімнің барлығына шүкір етемін, әрине...

«LIONSHADOW» КӨКЕ...



(демектпе)

мыз осы бөлмеде таусылады, – дедім оның көзіне тіке қарап.

– Абылай аға, Құдай тас төбеден ұрып, сіз менен күдіктеніп отырғаннан саусыз ба? – деді інімнің көзі атыздай болып.

– Бұл күнде өзіме де сенбейтін болдым, – дедім ауыр күрсініп.

– Бәлкім, прокуратураның санкциясымен мені тергеуге аларсыз, подполковник мырза? – деді Нұрбек баяғы әдетімен ресми кейіпке ене қойып.

– Асықпай тұра тұр, өйтп қызбаланба! Сен өзің ойлашы, хакерлер елдегі дөкейлердің жеке деректерін қолға түсірген. Бір адам болса жарайды, жүзден аса лауазымды тұлғаның құпия ақпараттары жария болып кетудің алдында тұр. Енді шенеуніктерді сауын сиыр сияқты сауа бастайды. Айдың, күннің аманында миллиондап долларды алаяқтарға санап беріп, қарап отыра ма олар?

– Киберполдың IT-шниктері не дейді?

– Қауіптің сырттан келмегенін анықтады.

– Қазақстанның хакерлері ме екен, сонда? – деді жөтеліп. Нұрбекті жөтел ұзақ қысып еді, жағаға шығып қалған балықтай дем жетпей қалды.

– Қазақстан болса бір сәрі, маскара болғанда олар иек астында жүр. «Хакерлер Астанада тұрады» деді киберпол.

– Мүмкін емес, – деді інім таң қалып. – Бұлай болуы мүлдем мүмкін емес, – деді бағанағы сөзін қайталап.

Жанарына үрей ұялап алғандай көрініп кетті. Қобалжығаны соншалық, дыбысы да дірілдей шықты.

Осыдан төрт жыл бұрын Астана қаласының Есіл аудандық полиция бөлімінің қатардағы майор шенді жедел із кесушісі едім. 2019 жылы Астанада «Жиһаз ұрылары» деген қылмыстық топ пайда болды. «Жиһаз сатып аламын» деп алданып келген тұрғындар жылап-еңіреп бізге қалат. Олардың арызын қабылдағанмен, күдіктілерді құрықтау қиынға түсетін. Әлеуметтік желілерде мүлік жарнамалап, қармағына түскендердің үйіне барып, жиһаз тұратын бөлменің өл-

нен аумайсыз, әкемнен аумайсыз)» дейді еңкілдеп жылап.

Полицияда қызмет еткенмен, адам-мын ғой. Екі туып, бір қалған туыс інімді 17 жыл бойы бір рет те іздемегеніме өзімді кінәлап, ішім қан жылап тұрды. Содан бері Нұрбектің алаңсыз білім алуына қолдан келгеннің бәрін жасадым. Жатақханада жәутендеп аш жұрмесін деп, үйге көшіріп алдым.

Ол «Болашақпен» әлемнің ең мықты университеттерінің бірінде екі-үш жыл магистратурада оқып, елге оралды. Астанаға келе сала ұстаздық қызметін бастады. Араға жыл салмай әлемдік банктің Орталық Азиядағы IT маманы

болып шыға келді. Астанадан үй алды, келін түсірдік. Құдалық, той-томалақ бәріне өзім шапқыладым. Кейде мұшел жас қана үлкен бола тұра өзімді Нұрбектің ағасы емес, әкесі секілді сезінемін. Нұрбектің анасы онының сынып оқып жүргенінде көлік апатынан қайтыс болған екен. Ұзақ жылдардан кейін табысқан інімнің арқа сүйер ешкімі болмаған соң, біздің отбасыға тез сіңісіп кетті.

Нұрбек менің «жиһаз ұрыларын» анықтау жайлы өтінішімді жерде қалдырған жоқ. Күдіктілер жарнама жасаған Instagram желісіндегі парақшалар туралы ақпараттарды алып, үйіне кетті. Араға екі-үш күн салып, олжалы оралды.

Осылай Есіл аудандық полиция бөлімі Астанадан отырып-ақ еліміздің түкпір-түкпірінде жасалған бірнеше эпизодты қылмыстық істің бетін ашты. Нәтижелі жұмыс ұжымдағы абыройымды асқақтатып жіберді.

Сол күннен бастап, интернет арқылы жасалатын киберқылмыстар туралы іздене бастадым. Нұрбек WhatsApp әлеуметтік желісінен түрлі сілтемелерді атады. Әлемдік полициялардың киберқылмыстарды қалай ашатыны жайлы қызықты деректер мені еріксіз өзіне байлап тастады. Осы тақырыптағы кітаптарды «Amazon» секілді онлайн кітап дүкендері арқылы алып оқитын болдым. Тіпті, ағылшын тіліндегі кітаптарды еркін түсіну үшін тіл үйрене бастадым.

Нұрбек қарап жүрмей ұстазым болды. Ағылшын тілін тез меңгеріп, заң факультетінің магистратурасына оқуға тапсырдым. Дипломдық жұмыс тақырыбын бекітіп, «Киберқылмыстың қалай алдын алуға болады?» деген сұрақтарға бас қатырып, іздене бастадым. Қазіргі замандағы киберқылмыстар туралы мәліметтерді жинап, алаяқтардың айла-тәсілдерін жеке-жеке сараптап, олармен күресудің нақты жолдарын көрсетіп, екі жыл ішінде магистратура дипломын жаздым. Әлемдік ақпарат көздеріне сілтеме жасай отырып пайдаланған сызбалар мен түрлі киберқылмыс жайлы сараптамалар үстел үстінде қобырап жататын болды.

Шетелде оқып келген IT маманның жөн сілтеуімен өзіме етене таныс криминалистика ғылымымен ұштастыру арқылы дайындаған дипломым министрліктің назарына ілігіпті. Арада алты ай өтпей подполковник шенін алып, Қазақстанда жаңадан құрылып жатқан киберпол басшысының орынбасары болып шыға келдім.

Ұйқысыз арпалысты үш күн өтті. Шетініміз – кофе мен энергетик сусындар. Бұрындары келіншегім Әйгерім дастархан үстінде шашылып жатқан кофе ыдыстары мен босаған бөтелкелерді уақытылы жинап тұрушы еді. Ауылдағы ағайындардың тойы болып, бағана ғана ұзақ жолға шығып кеткен.

Нұрбек шексіз қодтар әлемінің ішінде адасып жүрген сияқты. Компьютер мониторы – зеңгір көк, жыпылықтап тұрған сансыз сан мен түсініксіз әріптер – жұлдыздар. Зеңгір көкті аралап, жұлдыздардың ішінде «жау» іздеп қиялымен қалықтап жүрген інімді аяймын. Осы үш тәулік ішінде дұрыстап тамақ та ішпеді. «Білім санар» бетіндегі көп сан жыбыр-жыбыр етіп, ұйқыға жетелесе де, орнынан тапжылар емес.

Мен де өз-өзімнен арпалысып, көз ілмеуге тырысамын. Кірпіктерім айқаса кетсе болды, Нұрбек те ұйықтап қала-

тын сияқты. Аяғымның ұшымен жүріп, ток шауғимге су қайнатып, қоюлап кофе демдеймін. Нұрбектің кофесі кейде суып та қалады. Оған да қарамай, хакерлердің ізін аңдып, көз ілеспес жылдамдықпен ұзын-сонар сандарды тізіп жазып жатады, әйтеуір.

– Ох-ох, бір айғақ табылған сияқты, – деді кенет Нұрбек айғайлап. Қуанғаннан шыққан жарықшақ дауысы бөлме ішін жаңғыртып жіберді. – Абылай аға, міне, мына жерде хакер із қалдырыпты.

– Дерекқорға шабуыл жасаған осылар ма? – дедім дәп бір арғы жақтағы күдіктіні жағасынан бүріп ұстап, бері қарай жұлып алатындай елген.

– «Shadow» деген логин. Лауазымды тұлғалардың құпия ақпараттарын сүзіп шығыпты. Точно, осының қатысы бар болуы мүмкін. Қазір IP-мекенжайын қарап көрейін...

– Сенен басқа сенер, сүйенер ешкімім жоқ, – дедім жылжарман хәлге түсіп. – Қарашы, Нұрбекжан! Қарашы...

– «Shadow, Shadow» – деді інім әндете жымпып. – Қазір құлағыңнан ұстап тұрып, тартып қалсам, аяғымның астына жығылып, қаншық иттей қыңсылайсың!

Мен Нұрбектің сөз саптауына күліп жібердім. Бір жасқа толмай жатып Ресейге кетті. Арада 17 жыл өткен соң елге оралды. Алғашында қазақша бір ауыз сөз білмейтін. Сосын, сөздік кітаптарды жата-жастана оқып, жаттап жүріп, ана тілін үйренді. Қазір қызығы сол, «қаншық иттей қыңсылатам» деген сияқты кітаби тіркестермен сөйлейді. «Абылай Әзімханұлы» деп ресмиленетіні де содан қалған әдет.

– Абылай аға, уайымсыз ұйықтай беріңіз. Мен де демалып алайын. Тынығып алған соң, мына логиннің соңына шам алып түсіңіз.

– Құдайға мың шүкір, – дедім күдіктіні құрықтап тастағандай шаттанып. Ұйқым шайдай ашылып кетті.

«Shadow, Shadow, Shadow, ай, Сені қайдан табам, ай, «Билгисаярдан» көрсетші, Көленкеңді маған, ай»...

Мен Нұрбектің аузына таңғала қарап қалдым. «Кеше ғана қазақшаны сөздікпен үйренген інім мына өленді өз жанынан шығарып отыр ма?». Әкесі Әди «ақын шалыс» адам еді! Біздің балалық шағымыз айтыс дәуірілеген заманға дөп келді. Әр сенбіде теледидардан айтыс беріледі. Бүкіл ауыл балалары суырып салма ақындардың додасын зарыға күтетін едік.

Бізді қойшы, Әди күн санап, дегбірі қашып, ақын болып кететін, сол күндері.

«Әй, Абылай, Абылай! Абылай деген ханым, ай! Әди деген көкеңді? Неде жүрсің танымай? Жалаң аяқ, жалаң бұт Бала едің сен, о Құдай!...

Әди ағам осыны айтып алып, жырқ-жырқ күлетін. Немере ағам шығарған өленнің «Жалаң аяқ, жалаң бұт, бала едің сен, о Құдай» деген тармақтарын ауыл балалары жаттап алып мазактап, зығырданымды қайнатушы еді.

– Ох, шешеннің, – деп қасқа басын сарт еткізіп бір ұрды Нұрбек. Оның үрейлене шыққан даусынан селт еттім.

– Құрыдық! Ана «көленке» бізді көрді.

– Көленкесі несі? – дедім.

– «Shadow»-ды айтам.

– «Shadow»-ың кім, тағы?

– Ой, Абылай аға, сізді де ағылшынша біледі деп... «Shadow» деген қазақша «көленке» деген сөз емес пе?

– Ә, бәсе! Бір жерден естіген сөзім, әйтеуір. Көленке дегенің ағылшынша аудармасы «darkness» емес пе еді?

– «Shadow» бізді біледі, болмаса, біз оны кешелі бері бір рет көргенбіз. Қалай байқамай қалдық. Мүмкін емес, – деді інім қынжылып. – Құрыдық, Абылай аға!

– Құрығаны несі?

– Қазір, кибер шабуылдың астында қаламыз. Қараңыз, он секундта компьютер беті жыпылықтайды да, деректерді тасымалдаушы сервер істен шығады.

Нұрбектің қолы қалтырап дір-дір етеді. Көзін жұмып, басын пернетақтаға қойды да, асықпай санай бастады.

Ержан НҰРМҰҚА
(Жалғасы бар)